

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 245 (9563) || 1954 жылғы 11 декабрь Сенбі Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

КОЛХОЗ КЛУБЫ

Колхоз клубы — ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің мәдениет орталығы болып табылады. Клуб қызметкерлеріне колхозшылар мен механизаторлардың мәдени тілегін қанағаттандыру жөнінде аса жауапты және абройлы міндет жүктелген. Өйткені, еңбекшілер арасында мәдени-ағарту жұмыстарын кең көлемде өрістетіп, олардың өскелең мәдени қажеттерін барышына толық өтеу, сойтіп колхозшылар мен механизаторларды рухани тәрбиелеуге баса көңіл аудару туысқан Коммунистік партия мен Совет үкіметінің ерекше маңыз беріп отырған мәселелерінің бірі.

Колхоз клубтарының еңбекшілерді тәрбиелеудегі, оларды мәдени қамтудағы жұмысы қысқы маусым кезінде жаз және күз айларындағыдан әлде қайда көбіейе түседі. Өйткені клуб үйлері қыс айларында ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің арасында бұқаралық саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізетін ең негізгі орталыққа айналады. Марксизм-ленинизм идеяларын, ғылыми-жаратылыстану және ауыл шаруашылығы ғылымдарын, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы озаттардың іс-тәжірибелері мен жұмыс әдістерін кең көлемде насихаттау, мәдени тілектері күн санап өсіп отырған еңбекшілер үшін мәдениетті демалыс кештерінің ұйымдастыруы — колхоз клубы коллективінің қысқы маусымда атқаратын ең басты жұмыстары болуға тиіс.

Облысымыздың ауылдары мен селоларында бұл жауапты міндетті жете түсініп, ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын көзгі таландардың дәрежесіне сай ұйымдастырып отырған колхоз клубтары аз емес. Мәселен, Соколов ауданының «Путь Ильича» ауылшаруашылық артелінің клубы қыс айларында мәдени-ағарту жұмыстарын ойындарға жетіп отыр. Колхоз жастары клуб меңгерушісі Некрасов жолдастың басшылығымен ең алдымен клуб үшін қысқы маусымға жаз-жақты әзірледі. Соның нәтижесінде мұнда қыстың алғашқы айларынан бастап мәдени-ағарту жұмыстары кең өріс алды. Некрасов жолдас колхоз жастарының көмегімен көркемөнерпаздар үйірмелерін құрып, оның күшімен колхозшыларға жиі-жиі концерттер ұйымдастырды. Сол сияқты колхозда жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы мен медицина мамандарының көмегімен ғылыми-жаратылыс және ауыл шаруашылығы жағындағы еңбекшілердің мәдениет орталығы болып табылады. Клуб қызметкерлеріне колхозшылар мен механизаторлардың мәдени тілегін қанағаттандыру жөнінде аса жауапты және абройлы міндет жүктелген. Өйткені, еңбекшілер арасында мәдени-ағарту жұмыстарын кең көлемде өрістетіп, олардың өскелең мәдени қажеттерін барышына толық өтеу, сойтіп колхозшылар мен механизаторларды рухани тәрбиелеуге баса көңіл аудару туысқан Коммунистік партия мен Совет үкіметінің ерекше маңыз беріп отырған мәселелерінің бірі.

Сойтіп творчестволықпен жұмыс істеудің орнына, «ақша жоспарын асыра орындауды» мақсат етеді. Ал мұның өзі еңбекшілердің рухани тілегін қанағаттандыру сияқты аса маңызды іске мән бермеудің екенін олар түсінбейді. Бұған мысал ретінде Мамлют селолық клубын алуға болады. Расында бұл клуб айлық жоспарды асыра орындап келе жатқан мекеме деп есептелінеді. Бірақ клуб меңгерушісі Жолымбетов жолдас клубта жүргізетін жұмысты тек қана көрсету, би ұйымдастырумен шектеп, мәдени-ағарту жұмыстарының тәрбие істерінің басқа да түрлеріне мән бермей отыр.

Клубқа келуші еңбекшілердің мәдени талаптары өр алуан. Олардың тілегін тек қана көрсету немесе бимен қанағаттандыру мүмкін емес. Клуб жұмысы ең алдымен еңбекшілердің саяси және өндірістік белсенділіктерін арттыруға, оларды коммунистік рухта тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. Колхозшылар үшін қызықты кештер, көркемдік дәрежесі жоғары, идеялық мазмұны ауанды концерттер, күнделікті тақырыптарға арналған лекциялар мен баяндамаларды жиі-жиі ұйымдастырып отыру — колхоз клубы қызметкерлерінің маңызды міндеттерінің бірі болуға тиіс. Шыңдығында колхозшылар клубы көңілді дем алу үшін, өздерінің іс-тәжірибелерін ортаға салу үшін және газет, журналдар мен кітаптарын оқып, күнделікті өміріміздің жаңалықтарымен танысу үшін келеді.

Еңбекшілер арасында ғылыми-апатистік насихатты кең көлемде жүргізуде клуб коллективі зор роль атқара алады. Бұл үшін олар село интеллигенттерінің көмегімен ғылыми-жаратылыс тақырыптарында колхозшылар үшін лекция-баяндамалар оқу ісін кең өрістетуге тиіс.

Селолық жерлерде мәдени-ағарту жұмыстарын көзгі таландардың дәрежесіне сай жүргізе алу ең алдымен кадрларға байланысты. Облысымызда жұмыс істейтін 230 клуб мекемелерінің үштен екісінің осы уақытқа дейін білім дәрежесі жеткілікті кадрлармен толықтырылмауы облыстық мәдениет басқармасының бұл жауапты мәселеге әлі де болса көңіл аудармай келе жатқандығын көрсетеді. Ал біздің облыс жағдайында мәдени-ағарту мекемелері үшін іскер кадрлар дайындауға толық мүмкіншілік бар. Әсіресе, орта мектепті бітіруші жастарды мәдени-ағарту мекемелерінде жұмыс істеу үшін тәрбиелеуге мәдениет басқармасының көңіл аударғаны жөн.

Ертең, халық соттарын сайлау күні. Сайлаушы жолдастар! Коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған кандидаттарға бір кісідей дауыс берейік!

Облысымызда


Интернационалдықтардың үндеуі қызу қолдау тапты

Интернационал машина-трактор станциясының механизаторлары коллективінің Солтүстік Қазақстан облысының барлық тракторшыларына және МТС мамандарына жазған Үндеуі Булаев машина-трактор станциясының механизаторлары арасында қызу қолдау тапты. Станция жұмысшылары мамалоттықтардың қабылдаған міндеттемелермен танысып, барлық трактор паркін 25 мартқа дейін жөндеп болуға, ал төртінші топсанның аяғына дейін 51 дизельді жұмысқа дайын етуге, жөндеу жұмысын тек жоғары сапада ғана жүргізуге міндеттенді. Қосалқы бөлшектерді ұқыпты және дұрыс пайдаланудың, мастерскойларда жасалатын детальдарды тез әзірлеудің, материалдарды үнемдеп жұмсау есебінен машиналарды жөндеудің өзіндік құнын едәуір кемітудің шаралары белгіленді. Тракторшылар мен трактор

бригадалары бригадирлерінің білімдерін жетілдіре беруді көздеп, механизаторларды қайта даярлайтын курстар ұйымдастыруды ұйғарды.

Алынған міндеттемелер іспен бекітілуде. Казірдің өзінде мұнда 30 дан астам трактор, 80 саялка, 10 қомбайн, 30 плуг, культиваторлар және басқа құрал-саймандар жөндеді. Бұл күндері механизаторлар еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсуде. Мәселен, ұста Устименко, оның көмекшілері Кузьмин және Милик жолдастар сменалық нормаларын 1,5—2 еседен орындап жүр. Сол сияқты жөндеуші-механизаторлар Демиржанко, Шнейдер, Третьяков және Кочубей, Майборода, Володин жолдастар еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде.

Б. ҚАЛЫҚОВ.



Шағын двигательдер заводьның бұрғышысы Вера Булучевская екі станокте бірдей жұмыс істеп, сменалық нормасын үнемі біржарым еседен асыра орындап келеді.

СУРЕТТЕ: Вера Булучевская жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Әдебиет үйірмесі

Қаладағы № 5 Калинин атындағы қазақ орта мектебінде оқушылардың орыс тілін неғұрлым жақсы үйренуіне көп көңіл бөлінген. Мұнда сабақтан тыс нашар үлгергендер үшін арнаулы қосымша сабақтар өткізіледі. Онда оқушылар орыс тілі мен әдебиетінен қосымша түсініктер алады. Оқушылардың орыс тілін үйренуіне мұнда жұмыс істейтін орыс тілі мен әдебиеті үйірмесінің де әсері мол. Үйірмеге қатысушылар оқытушы Е. Старченко жолдастың басқаруымен орыс тілінің өзіндік ерекшеліктерін талдайды және тамаша бай орыс әдебиетінің шығармаларымен танысады. Сол сияқты мұнда жетекшілік жасаушылардың творчествосына

Преснов ауданы, Сталин атындағы колхоздағы сайлау пунктінде сайлауға әзірлік жұмыстары толық аяқталды. Мұнда дауыс беретін бөлмеден басқа сайлаушыларды мәдени қамтитын және жас балалы әйелдер үшін арнаулы бөлмелер ұйымдастырылды.

Дауыс беретін бөлмеде кабинеттер жақсы жабдықталып, олардың іші жарықпен, орындықпен, столмен және басқа қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Селолық Совет атқомінің нұсқауы бойынша колхоз бен басқа да қоғам ұйымдары сайлау күні мүгедек және қарт сайлаушыларды қамту үшін жеткілікті мөлшерде транспорт бөлді. Байланысшылар айлау пунктінде телефон орнатты.

Колхоз партия ұйымы (секретары Савинов жолдас) сайлау күні сайлаушыларды мәдени қамтудың арнаулы жоспарын жасады. Бұл жоспар бойынша бүгін кештен бастап сайлау пунктінде село көркемөнерпаздарының концерттері беріледі, жастардың би, әндері ұйымдастырылады. Сонымен қатар тынығу бөлмесінде совет адамдарының бейбітшілік жолындағы кү-

ресі, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің еңбекшілердің әл-ауқат және мәдени дәрежесін арттыра беру жөніндегі қамқорлығы туралы баяндамалар жасалып, халықаралық жағдай жөнінде лекция оқылады.

Колхозшы шаруалар сайлау күнін асыра күтуде. Олар бүкілхалықтық мерекеге еңбектегі жаңа табыстармен келіп отыр. Колхоз мал қыстату маусымына ұйымдастырылған түрде кірісті. Қоғамдық мал жылы қоралармен, құнарлы мал азығымен толық қамтамасыз етілген. Колхозшылар Рахметов, Харитонов жолдастар өздері күтетін 180 бас торпақты шығынсыз өсіріп, жақсы күтімге алуға. Сауыншылар Шеганова, Меслер әрбір сауын сыйырдан 2038—2307 литрден сүт сауып, ферма бойынша жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Ертең колхозшы шаруалар сайлау ұрыстарына бір адамдай болып келіп, колхоз құрылысының онан әрі нығая беруі үшін дауыс береді.

С. ҚАНАФИН.
(Өз тілшіміз).

Петропавл станциясы депосының ұстасы И. Алексеевко москвалықтардың шақыруына лабықты іспен жауап беруде. Ол сменалық тапсырманы көзгі 200-250 проценттен орындап жүр.

СУРЕТТЕ: И. Алексеевко жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген И. Пасечный.

Демалыс кеші

Кониюхов аудандық кітапханасының инициативасымен Ленин атындағы ауыл шаруашылық артелінде колхоз малшыларының демалыс кеші өткізілді. Демалыс кешінде «Социалистік мал шаруашылығын өркендетудің алда тұрған міндеттері» деген тақырыпта өңгіме өткізілді. Аудандық кітапхана қызметкерлері коллективінің көмегімен селолық кітапхананың меңгерушісі Морозникова жолдас бұл тақырыпта арнаулы баяндама жасады. Сонымен бірге кешке Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы, колхоз жылқышысы Вьюшков жолдас шақырылды. Ол колхозшыларға өзінің жылқы шаруашылығын өркендетудегі тәжірибесі ту-

қы жағдайлары туралы лекциялар мен баяндамалар да оқылып тұрылады. Колхозшылар үшін демалыс және тақырыптық кештер, ауыл шаруашылығы озытарымен кездесу кештерін ұйымдастыру — клубтың қызметкерлер коллективінің дағдылы әдетіне айналған. Айта кететін бір жағдай, клубта жүргізіліп отырған сапалы-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстары партиямыз бен үкметіміздің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі қаулысын жүзеге асыруға бағытталған. Мәдени-ағарту жұмыстарының алда тұрған шаруашылық міндеттермен ұштастырыла жүргізілуі өзінің ірі нәтижесін беруде. Бұл күндері «Путь Ильича» колхозының мүшелері колхоз шаруашылығын өркендету жолында қажырлы еңбек етуде.

Мәдени-ағарту жұмыстары — жаңды және жаңа жақты творчестволық іс. Оны бір қалыпқа салынған ізбен немесе тағайындалған бір формамен ғана жүргізу болмайды. Бірақ, бұл маңызды міндетті түсініп, өз жұмыстарын тар шеңберге, бір сонармен жүргізіп отырған тоғышар клуб басшылары жоқ емес. Бұлардың көпшілігі өз жұмыстарын еңбекшілерге кино көрсету және би ұйымдастыру жұмыстарымен ғана тұйықтандырып, бар мақсатты тек ғана белгіленген ақша жоспарын асыра орындауға арнайды.

Қостанай даласындағы жаңа астық совхоздары

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Облыста жаңадан 72 астық совхозы құрылып жатыр. Олардың адресіне көздің өзінде құрастырмалы төрт пәтері 130 үй, 300-ге жуық қайта жабдықталған темір жол вагондары, азық-түлік, отын, жанармай әкелінді. Қостанай, Қайбағор, Тобыл, Бреды, Жаркөл, Аманқарағай станцияларында жүк тиеу және жүк түсіру экспедициялары құрылуда. Басшы қызметкерлер, жүздеген жұмысшылар совхоздарды ұйымдастыру жұмысына кірісті. Құрылысшы-инженерлер орталық усадьбаларға құрылыс материалдарын тасуды ұйымдастыруда. Тимирязев, Затобол, Теңіз, Белоозерск, Ключевой совхоздары және басқа шаруашылықтар өз территорияла-

Ауыл-селоардағы клуб жұмыстарын жақсартуда село жастарының, интеллигенттердің әсіресе комсомолдердің алатын орны ерекше. Шынында комсомолдер әрбір клуб активтерінің ұйтқысы, селолық жерлерде жүргізілетін мәдени жұмыстардың инициаторы болуға тиіс.

Колхоз клубтарының алдында еңбекшілерді мәдениетті қамтуда аса жауапты міндеттер тұр. Бұл міндеттер жергілікті партия, совет ұйымдары мен аудандық мәдениет бөлімдері клуб қызметкерлеріне жанды көмек және нақтылы басшылық көрсеткенде ғана ойдағыдай орындалатынын естен шығаруға болмайды.

Колхоз клубы — идеологиялық жұмыстың майызы участогі. Клуб қызметкерлері өз жұмыстарын неғұрлым жанды және әсерлі етіп жүргізсе, оны неғұрлым колхозшылар мен механизаторлардың алдында тұрған міндеттермен тығыз байланыстыра, сонғұрлым істе табысқа жете беретін болады. Олар үкмет пен партияның ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі қаулы-қарарларын жүзеге асыруда жергілікті партия, совет және шаруашылық ұйымдардың сенімді көмекшісі болуға тиіс.

Коммунизм құрылысшылары — совет адамдарының мәдени тілегін толық қана қанағатандыру жолында қажырлылықпен еңбек етейік!

рына құрастырмалы төртпәтерілі үйлердің алғашқы бір топ бөлшектерін тасып апарды. Болашақ поселкелердің жанынан тас және құм алатын жерлер жасалып, қамыс дайындау басталды.

Заготзерно қоймаларында жаңа совхоздарға арналған тұқым тазартылып, тексерілуде.

Осы жылғы көктемде құрылған шаруашылықтар жаңадан құрылып жатқан совхоздарға көмек көрсетуде. Олар уақытша найдалануға тракторлар, автомобильдер бөлді, құрылыс материалдары мен жабдықтардың бір бөлегін беріп жатыр. Бұрын құрылған астық совхоздарының қызметкерлері жаңадан қоныстанушыларға өздерінің тәжірибесін үйретуде.

АЛТЫ МЫҢ ПОЕЗД БОСАТЫЛДЫ

Тың жерлердегі астық тиелген ауыр салмақты поезд Алматы І-ші станциясына келіп тоқтады. Машинист Адайкиннің бригадасы оны график бойынша белгіленген мерзімнен бұрын жеткізді.

Бұл — еуропалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесіне қатысушылардың Декларация қабылдауы күрметіне Түркістан-Сибирь темір жолы паровозшыларының бүгін графикті асыра орындай отырып жүргізген көптеген ауыр салмақты составтардың бірі.

Түркісіб коллективі ауыр салмақты поездар жүргізу жөніндегі өзінің жылдық социалистік міндеттемелерін көздің

өзінде асыра орындап отыр. Бұл поездармен нормадан тыс 12 миллион тоннаға жуық жүк тасылды, яғни өткен жылы осы мерзіммен салыстырғанда, үш миллион тонна артық. Бұл жүкті тасу үшін қосымша алты мың поездды құрастыру қажет болар еді.

Москва Кеңесінің қорытындыларына арналған митингте магистральдың паровозшылары жаңа міндеттемелер алды. Олар халық шаруашылығының жүктерін тасуды тездету үшін аянбай күш жұмсауға және жүк поезддарының салмағын арттыру жолындағы күресті күшейтуге уәде берді.

(ҚазТАГ).

арналған әдеби кештер де өткізіліп тұрады. Мәселен, жақында ғана үйірме мүшелерінің Н. А. Островский және М. Ю. Лермонтовтың творчествосына арналған кештері өте қызықты өткізілді. Бұл кештерде оқушылар ақын-жазушылардың өмірбаяны мен творчестволық еңбегі жөнінде баяндамалар жасап, жекелеген шығармаларын талдады.

Б. САҒЫНДЫҚОВ.

Сайлаушылар үшін

Аманжолды атындағы колхоздың Жарғай ауылына орналасқан үгіт пункті сайлаушылардың шын мәніндегі сүйікті орнына айналған. Үгіт пунктіне сайлаушылардың бір мезгіл мәдениетті түрде тынығып, сайлау жөніндегі әдебиеттер оқуына толық жағдай жасалған. Үгіт пункті орталық, республикалық және облыстық газеттермен, кітап, журналдармен қамтамасыз етілген. Үгіт пунктінің меңгерушісі А. Байрожин жолдас сайлаушылар сұрақтарына жауап беріп тұрады.

Х. ӘУБӘКІРОВ.

Жастар өндірісте

Москваың электр шамы, заводының жұмысшы-қызметкерлері мен инженер-техниктерінің көптеген патриоттық бастамасын облысымыздың комсомолдары мен одақта жоқ жастары қызу қолдады. Облысымызда үстіміздегі жылғы ғана орта мектепті бітірген ондаған оқушылар тікелей кәсіпорындарында жұмыс істеуді қалады.

Мамлют жөндеу-механикалық зауытының кадрлар бөлімінің меңгерушісі Капдышев жолдасқа осы заводтағы инструмент-жөндеу цехының есепшісі Нина Романенко жолдасқа арыз түсті. Онда былай деп жазылған: «Москваың электр шамы зауыты қызметшілерінің патриоттық бастамасымен жете танысқан соң мен де тікелей цехқа барып жұмыс істеуді ұйғардым. Мені өзім еңбек еткен цехқа қочегарлық жұмысқа орналастыруыңызды сұраймын». Комсомолдер елімізді коммунизмге тура бастап келе жатқан Коммунистік партияның ең сенімді көмекшісі. Сондықтан олар әр қашанда

жаңа бастамаларға үн қосып отыруға тиіс. Мен комсомолға жүктелген осы борышты өтеу үшін аянбай еңбек етіп келемін. Мен завод басшыларынан тілегімді қамтамасыз етуді сұраймын» делінген.

Романенко жолдас бұл тілегі орындалды.

Комсомолка Надежда Мульгина жолдас та бұған дейін жанар-жағар майлар құятын ыдыстар жасайтын цехта бақылаушы болып істейтін. Ол сонда жұмыс істеп жүріп, қалып жасау мамандығын үйренген болатын. Көзірде Надежда Мульгина жолдас та цехта қалып жасаушы болып істейді.

Мамлют жөндеу-механикалық зауытының кеңсе қызметінде істейтін ондаған комсомолдер мен одақта жоқ жастары завод цехтарына жұмысқа ауысып, түрлі мамандықтарды игеруде.

Ж. БЕКТАСОВ.

СОВЕТ СОТЫ — ХАЛЫҚ СОТЫ!



Мемлекеттік бейнелеу искусство баспасы шығарған суретші В. Белополюскийдің планаты.

рады қатып, қорықпай отырып, таға салды.

Сонымен бірге колхоз малшылары өзара тәжірибе ауысты. Көп соңында көркем-өнерпаздары малшылар үшін концерт көрсетті.

М. ПЕТРОВА.

Жаңа радиоаппаратуралар

Облыстық радио хабарларынан радио тыңдаушылар ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп озыттарының сөздерін, тың жерлерден берілген репортаждарды, көркемөнерпаздардың концерттерін жиі естиді. Бұл хабарлардың бәрі пленкаға жазылып алынған сөздер. Оны радио комитетінің қызметкерлері жергілікті жерлерде: колхоздар мен совхоздарда, МТС-терде магнитофонның көмегімен жазып алған.

Жуырда радио хабарларын таратудың облыстық редакциясы жаңадан дыбыс жазатын екі аппараттура — «МЭЗ-6» типті магнитофондар алды. Олар радиостудияға орналастырылған. Бұл жоғары сапалы аппаратуралар жергілікті радио хабарларын тарататын облыстық редакцияға өз жұмыстарын едәуір жақсартуға мүмкіншілік береді.

Х. АСҚАРОВ.

Хат тасушы

Октябрь ауданының «Заря коммунизма» колхозының қарт мүшесі Жұныс Имантаев жолдас бұл жасы бойы 80-нен асты. Колхоз басқармасы оған енді жүзге істемей-ақ демалуды ұсынған болатын. Бірақ Жұныс қарт бұл ұсыныстан үзілді-кесілді бас тартты.

— Менің жасым қарт болғанмен жұмыс істеуге шамам келеді, — дейді қарт өзінің әлі де колхоз жұмысынан қол үзгісі келмейтінін білдіріп. Көзір Жұныс Имантаев жолдас колхоздың екінші дала бригадасында хат тасушы болып жұмыс істейді. Өзінің жасы ұлғайғанына қарамастан өз жұмысын ұқыпты атқарып жүрген қарт колхозшылардың құрметіне бөленуде.

А. ҚАТИН.

Қар тоқтату үшін

Преснов ауданының мектептеріндегі оқушылар сабақтан бос уақыттарында өз колхоздарының шаруашылық жұмыстарына үнемі көмектесіп отырады. Бұл жөнінде Үлгі жетіжылдық мектебінің оқушылары игілікті жұмыстар істеді. Мәселен, өткен демалыста VI-VII класс оқушылары оқытушы Е. Әбдішев жолдас бұл басқарушымен колхоздың егіс даласына қар тоқтатуға шықты. Олар бұл күні 7 гектар егістің алаңға қар тоқтатып, бөгеттер жасады. Бұл жұмыста оқушылар О. Жақыпов, А. Есқожин, Б. Мұнайдаров және басқалары көзге түсті.

Е. ӘБІЛОВ.
Т. БАЛТАБАЕВ.

Жастар—ауыл шаруашылығында шешуші күш

Ауыл шаруашылығы озат жастарының облыстық кеңесінен

Жақында облыстық драма театры үйінде ауыл шаруашылығы озат жастарының облыстық кеңесі болып өтті. Оған облыс МТС-терінің, совхоздарының, колхоздарының 300-ге жуық жас механизаторлары мен мал өсірушілері және басшы комсомол қызметкерлері қатысты. Кеңеске қатысушылар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Коробов жолдасын «СОБН Орталық Комитеті сентябрь, февраль-март Пленумдары қаулыларының орындалу барысы және жастардың облыс ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудегі міндеттері туралы» баяндамасын тыңдап, талқылады.

Облыс өңбекшілері СОБН Орталық Комитеті февраль-март Пленумының «Елімізде астық өндірісін онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысын зор қамқат-танғандықпен қарсы алып, партиямыз бен үкметіміздің бұл жөнінде алға қойған күрделі міндеттерін аброймен орындау жолында қажырлы еңбек етуде.

Былтыр облыс колхоздары мемлекеттік жоспар бойынша белгіленген 350 мың гектар орнына, 390 мың, ал совхоздар 353 мың гектар орнына 360 мың гектар тың және тыңайған жерлер игерді. Көктемде игерілген жүздеген мың гектар тың және тыңайған жерлерге жаздық бидай өсіліп, мол өнім жыйналды. Сонының нәтижесінде облысымыздың бірқатар колхоздары мен совхоздары, аудандары мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын толық орындап, ондаған мың пұт астық сатты. Былтыр Булаев ауданының колхоздары өткен жылғыға қарағанда мемлекетке астықты 289 мың пұт, Қониюхов ауданының колхоздары 330 мың пұт артық тапсырды.

Сонымен бірге желсіз жылдың көктемгі өгісіне облысымыздың колхоздары мен совхоздары 895 мың гектар жер дайындаған болса, оның 400 мың гектары тың және тыңайған жерлер.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты облысымыздың МТС-тері мен совхоздарының трактор парк өткен жылғыға қарағанда 65 процент артты. Мұның өзі ауыл шаруашылығы жұмыстарын қысқа мерзімде жүргізіп, трактор жұмысының жылдық жоспарын 108,5 процент орындауға мүмкіншілік берді. Егіс жұмыстары, әсіресе Калинин атындағы, Ленин атындағы, Ворошилов атындағы және Суворов МТС-терінде ұйымшылдықпен жүргізілді. Аталған МТС-тердің коллективтері тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі жоспарды аброймен орындап, трактор жұмысының жылдық жоспарын 112—143 процентке дейін орындауға жетті.

Комсомол-жастар трактор бригадаларының жаңа жерлерді игеру жолындағы

жөніндегі жоспарды орындай алмады. Мұның негізгі себебі, алдымен мал шаруашылығының мамандары және қолхоз, МТС басшыларының мал шаруашылығына жете мән бермеуінен болып отыр.

Коробов жолдас баяндамасының соңында облысымыздың қолхоздары мен МТС-терінің алдында тұрған шаруашылық міндеттерге тоқталды. Жарыссөзде сойлеген ауыл шаруашылығының жас озаттары қол жеткен табыстарын ортаға салып, комсомолецтер мен жастардың өндірістік белсенділіктерін арттыра беру жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

Бірінші болып сойлеген Калинин атындағы МТС-тің № 5 комсомол-жастар трактор бригадасының бригадирі Бутенко жолдасын және тыңайған жерлерді игеруде не болған табыстарын хабарлады. Бригада механизаторлары 6080 гектар орнына, 11216 гектар жер жұмыстап, 4372 килограмм жанар, жанар майларын, 8 мың сом қаржы үнемдеді.

Докушев атындағы астық совхозының трактор бригадасының бригадирі Иванченко, Интернационал совхозы трактор бригадасының бригадирі Шатов жолдастардың және тыңайған жерлерде жұмыс ұйымдастыру жөніндегі тәжірибелерін ортаға салды.

—Біздің бригада, — деді Иванченко жолдас, — 15 июльде ұйымдасты. Соның ішінде 3500 гектар тың игерілді. Сөйтіп жоспардан тыс 300 гектар тың игерілді. Бригада бір «С—80» және «ДТ—54» тракторымен 3500 гектар жер жыртты, 7 мың гектар өгістік жерді тырмалап, 3 мың гектар алаңды тискеледі.

Иванченко жолдас тың жерлерді сапалы жырту үшін плугке дискелді пышақ орнатудың ерекше маңызы барлығына тоқталды. Өйткені бұл техника күшті тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Оның соңында ол механизаторлардың тұрмыс жайларына, назар аудармайтындығы, жұмыстағы кемшіліктерді жою жөніндегі шараларды шұғыл қолданбайтыны үшін совхоз директорын әділ сынады. Совхоз басшыларының осындай немқетті қарауының салдарынан маусым бойында тракторлар 35 күн бос тұрды. Бұл — 1500 гектар тың игерілмей қалды деген сөз.

Шатов жолдас бригаданың жұмысты табысты жүргізуі уақытты үнемдеуге тікелей байланысты екенін, ал уақытты үнемдеу үшін тракторға май құю, майлау кездерін дұрыс ұйымдастырудың аса зор маңызы барлығын айтты. Ол үшін май құю кезінде аға тракторшы, оның көмекшісі және тірлеушілер өзара техникалық күтім жасайтын құралдары мен бөлшектерін жақсы білуге тиіс. Сонымен бірге май құюды арнаулы насостармен жүргізуі қамтамасыз ету шарт. Сонда тек май құюдың өзінен 20 минут уақыт ұтуға болады және жанар май ысрабына

Ауыл-селодағы үгіт-бұқаралық жұмыс (Тілші хаттарына шолу)

Редакцияға облысымыздың түпкір-түпкірінен келіп жатқан көптеген хаттарда газет оқушыларымыз Коммунистік партияға, Совет Үкметіне деген шексіз сүйіспеншіліктерін білдіреді. Сайлау алдындағы саяси үгіттің кең өріс алғанын хабарлайды. Совет ауданы, Каганович атындағы колхозда тұратын жергілікті тілшіміз В. Лизун жолдас былай деп жазды:

—Колхозда 15 үгітші бар. Кәзір бұл үгітшілер онүйліктерде, мал фермаларында әңгімелер өткізіп жүр. Олар «мал қысқату—қонақдық мал шаруашылығын өркендетудің шешуші жөнегі», «Қазақстанның мал шаруашылығы бесінші бесжылдықтың аяғында», «Колхозымыздың болашағы» деген, тағы басқа тақырыптарда әңгімелер өткізіп жүр. Коммунист Арғын Тілеужанов, Е. Ватурина жолдастар өздерінің әңгімелерін қызықты өткізеді.

Колхозда қайнаған еңбек, бақытты тұрмыс. Колхозшылар мемлекетке астық тапсыру жоспарын артырымен орындады, еңбек күндеріне аспналоз және заттай ақыны көп ақты. Колхоз қамбасына тұқым жемілікті құйылып, тасартылды. Мал қысқату маусымы ұйымшылдықпен жүргізілуде.

№ 19 Сталин сайлау округінің № 26 сайлау пунктінде, —деп жазады Ж. Шайбанов жолдас,—сайлаушылар үшін лекциялар оқылып, баяндамалар жасалады. Советтік сөз жөніндегі соңғы бір лекцияға жүзден астам адамдар жыйналды. Петропавл қазық орта мектебінің IX-класс оқушысы Шәкен Бәйенов былай тұңғыш рет дауыс береді. Совет жастарының бақытты тұрмысы үшін алғашқы дауысымды, деп жазды ол,—коммунистер мен партияда жоқтар блогі ұсынған кандидаттарға беремін.

—Октябрь ауданы, «Заря коммунизма» колхозының № 2 бригадасының мүшесіміз,—деп жазады газет оқушысы М. Кобенов жолдас,—халық соттарының сайлау күнін жаңа табыстармен қарсы аламыз. Олар тек соңғы айда ғана жүз бас мал сыятын бір қора салды. Мал қысқату маусымы ұйымшылдықпен өтуде. Бригадада үгіт пунктін бар. Кеңсе жұмыстан кейінгі колхозшылар үгіт пунктінде болып газет журналдар оқыды, әңгімелер тыңдайды.

Ленин ауданы, Арал ауыл Советіндегі № 13 үгіт пунктіндегі менгерушісі А. Байгожин, Октябрь ауданының «Қызылту» колхозындағы газет оқушымыз У. Әлібаев жолдастар бізге жазған хаттарында сайлау алдындағы саяси үгіттің мазмұнды ұйымдастырылып отырғанын хабарлайды. Үгітшілер, әсіресе мал өсірушілердің озат тәжірибелерін насихаттайтын жауапкершілік листоктар, қабырға газеттерін шығарып социалистік жарыстығын барысына үнем қорытынды жасауға көмектеседі. Үгіт пунктінде жас сайлаушылардың көші өтті.

«Қызылту» колхозындағы сайлау пунктіндегі үгіт сайлаушылардың тілегіне

Совет Үкметінің Франция, Англия және АҚШ үкметтеріне нотасы

Бұған дейін баспасөзде хабар етілгеніндегі, Совет Үкметінің осы жылғы 23 октябрьдегі және 13 ноябрьдегі ноталарына осы жылғы 29 ноябрьде Францияның, Англияның және АҚШ-тың үкметтері Москвадағы өздерінің елшіліктері арқылы Совет Үкметіне жауап ноталар жолдаған болатын.

Франция үкметі нотасының тексті совет баспасөзінде 2 декабрьде жарияланды.

9 декабрьде ССРО Сыртқы істер министрінің Францияның, Англияның және АҚШ-тың Москвадағы елшіліктеріне Совет Үкметінің жауап нотасын жолдады.

Төменде Совет Үкметінің Франция үкметіне жолдаған нотасының тексті жарияланады.

«Совет Үкметінің осы жылғы 23 октябрьдегі және 13 ноябрьдегі ноталарына жауап болып табылатын Франция үкметінің 29 ноябрьдегі нотасын алғандығын ССРО үкметі растайды.

Совет Үкметі Франция үкметінің Европада коллективтік хауісіздік туралы мәселені қарау үшін европалық басқа мемлекеттермен бірге Кеңеске қатысуға мүмкін болмады деп өсиеттегенін қып-жылғандығымен еске алады.

Мұнымен бірге, Франция үкметі, оның нотасынан көрініп отырғанындай, ССРО Үкметінің Германияның бірлігін қалпына келтіру және жалпыгерманиялық еркін сайлау өткізу туралы мәселені қарау үшін Франция, АҚШ, Англия және Совет Одағы Сыртқы Істер министрлерінің кеңесін шақыру жөніндегі, сол сыяқты Европада коллективтік хауісіздік системасын құру мақсатымен жалпыевропалық кеңес шақыру туралы ұсыныстары да қабылдамады.

Франция үкметі жалпыевропалық кеңеске қатысудан және Совет Үкметі елдермен Европадағы коллективтік хауісіздік туралы ұсыныстарды қараудан бастартып қана қойған жоқ, сонымен бірге, өз тарапынан Европада коллективтік хауісіздікті қамтамасыз ету жөнінде ешқандай ұсыныстар жасамады. Сол сыяқты, Солтүстік-атлантика блогіне қатысушы басқа мемлекеттермен бірлесіп Франция үкметінің мұндай кеңеске европалық басқа мемлекеттердің қатысуына кедергі жасауға бағытталған әрекет жүргізгені де мәлім.

Сонымен Франция үкметі оның Европада бейбітшілікті нығайту туралы европалық басқа мемлекеттермен келісімге келуге ұмтылмайтыны және европалық хауісіздіктің нәрменді системасын құруға кедергі жасайтынын дәлелдейтін позиция ұстап отыр.

Европада коллективтік хауісіздіктің нәрменді системасын құрудың орнына, Франция үкметі Батыс Германияны ремигитарландыру және оның агрессияшылық «олтүстік-атлантика блогімен кейбір басқа мемлекеттердің Европаның бейбітшіл мемлекеттеріне қарсы бағытталған басқа соғыс топтарына қатыстыру тура-

терде де Батыс Германияда милитаризмді қалпына келтіру Европадағы бейбітшіліктің бұдан былайғы тағдыры үшін зор жауап туғызбай қоймайды. Париж келісімдерінде айтылған Герман милитаризміне «шек қою» дейтіндер мен қағаз жүзіндегі шешімдерге Европа халықтарының, түсінікті себептер бойынша, сенбей отырғандығы да Франция үкметіне беймәлім болуы мүмкін емес.

Париж келісімдерінде шозделген Батыс Германияда милитаризмді қалпына келтірумен батыс герман ариясына құруды «кәзіргі уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымында қаралып жатқан қару-жарақты жаснай азайтудың жоспарымен де шындықтыра бөлмейді. Париж келісімдерін бекіту жанталаса қарулануды күшейтуге әкеп соғып, қару-жарақты азайту туралы келісімге жетуге жаңа кедергілер жасайды.

ССРО Үкметі тағы да мынаны мәлімдеуді қажет деп өсиеттейді: Франция үкметінің герман милитаризмін қалпына келтіруге көмектесетін мұндай позициясы жанадан герман агрессиясының жасалуына жол бермеуге бағытталған 1944 жылғы француз совет договорына тікелей қайшы келеді және ең негізінде бұл договордың маңызын нашарлатады. Ал, бұл договордың Совет Одағынан гөрі, Франция үшін және оның хауісіздігі үшін маңызы зөм емес.

Мұнымен бірге, Франция үкметінің бұл позициясы Франция қосылған халықаралық басқа келісімдермен, мысалы, бейбітшілік және демократиялық негіздерде Германияның бірлігін қалпына келтіруге бағытталған және Германияның қандай болсын бір бөлігін ремигитарландыру мүмкіндігіне жол бермейтін Потсдам келісімімен де сыйыспайды.

Совет Үкметі европалық өте маңызды мәселелер жөніндегі, оның ішінде Германия туралы мәселе жөніндегі шеңестің табысты болуы мақсатында мүдделі мемлекеттердің арасында келісімге жету үшін тиісті қолайлы жағдайлар жасауына көмектесуі керек дегенге келіседі. 29 ноябрьде —2 декабрьде Москвада болған европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауісіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Кеңесі Совет Одағы және осы Кеңеске қатысушы басқа мемлекеттер тарапынан Европадағы бейбітшілікті нығайту мүдделері үшін осындай келісімге жетуге ұмтылғандық бар екенін дәлелдейді. Екінші жағынан Франция үкметінің жалпыевропалық кеңеске де, сол сыяқты төрт державаның герман мәселесі жөніндегі кеңесіне де қатысудан бастартуы онда бұл сыяқты ұмтылудың бар екендігін тіпті де дәлелдемейді.

Істің жайы Париж келісімдерін бекіту мүдделі державалар арасында келіссөздер жүргізу жолымен герман мәселесін реттеуге кедергі жасамайды-мыс деп көрсетуге жасалып отырған әрекет шын мәніндегі жағдайға сай келмейтіні былай тұрсын, қайта ол жұртшылық пікірін

ша келісімге жету мүмкіндігін жояды. Париж келісімдерін бекіту халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдетуге емес, қайта, бұл шиеленісті онан әрі күшейтуге тырысатындар үшін керек.

Кәзіргі жағдайда, Батыс Германияда милитаризмнің қайта тудырылу қатері тікелей төніп отырғанда Европадағы жаңа соғыс хауіі жөнінде халықтар қырағылығының бәсеңдеуіне мүлде жол беруге болмайды.

Батыс Германияны ремигитарландыруға және Францияның, онымен байланысты бар Солтүстік-атлантика блогі мемлекеттерінің агрессияшы саясатының жанадан күшеюіне жауап ретінде Совет Одағы мен басқа бейбітшіл елдер өздерінің қару-жарағын күшейту жөнінде және өздерінің хауісіздігін қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қолданады. Совет Одағы мен басқа бейбітшіл елдер бейбітшіліктің сақталуына қатер туғызып отырған агрессияшы мемлекеттердің үнемі өсіп отырған қарулы күштеріне қуаты ояндап тіпті де кем емес күшпен қорғануға және бейбітшілікті қорғауға өздерінің өзіндігін қарсы қою үшін барлық қажетті шараларды жедел қолдануға мәжбүр болып отыр.

Францияның және Солтүстік-атлантика блогіндегі басқа мемлекеттердің агрессиялық жоспарлары жанталаса қарулануды онан сайын күшейтуге ітермелейді. Олар мұнысымен бейбітшілік мүдделерімен сыйыспайтын және Европада жаңа соғыс хауіінің едәуір күшеюіне әкеп соғатын кәзіргі саясатының зардалтары үшін барлық жауапкершілікті өздеріне алады.

Париж келісімдеріне қол қойлуына және Европада қалыптасқан кәзіргі жағдайға байланысты Совет Одағының позициясы 2 декабрьде европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауісіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесінде қабылдаған ССРО, Поляк Халық Республикасы, Чехословяк Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы және Албан Халық Республикасы үкметтерінің бірлескен Декларациясында көрсетілді.

Москва Кеңесінің жұмысына қатысқан Қытай Халық Республикасының үкметі, жұртқа мәлім, Москва Кеңесінің Декларациясымен өзінің толығынан келісетінін және оны қуаттайтынын мәлімдеді.

Совет Үкметі аталған Декларацияның тексті осы нотаға қосып Франция үкметіне жолдайды.

Австрия мәселесін алатын болсақ, Совет Одағының бұл мәселе жөніндегі позициясы төрт державаның Берлин кеңесінде жасалған ұсыныстарда және Совет Үкметінің бұдан кейін жолданған тиісті ноталарында көрсетілген. Әлбетте, Париж келісімдерін бекіту мүдделі мемлекеттер мен Австрия арасында Австрия мәселесі жөнінде соншама қажетті келісімге жетуге көмектесе алмас еді.

Совет Үкметі Англия мен АҚШ-тың үкметтеріне де осындай ноталар жолдады.

нда Псков жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері үздік табыстарға ие болды. Бригадада 7405 гектар орнына, 3762 гектар тың және тыңайған жерлер игерді. Мұнда 15 аттық күші бар әрбір трактормен 1675 гектар жер жұмысталды. Ал әрбір гектар жердің өзіндік құны 1 сом 79 тыйын кемітілді.

Сол сыяқты тың және тыңайған жерлерді игеруде Калинин атындағы МТС-тің Бутенко, Ленин атындағы МТС-тің Мартыненко, Интернационал совхозының Шатов жолдас басқарған комсомол жастар трактор бригадаларының коллективтері де жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Алайда, кеңесте атап көрсетілгендей, облыстың бірқатар МТС-тері трактор жұмысының мемлекеттік жоспарын мөраімінде орындай алмады.

Техникалық жарамсыздықтан тракторлардың тоқтап тұруы әсіресе Асанов МТС-інде көңілден орын алды. Мұнда қолда бар трактор жұмыс уақытының 53 проценті тоқтаумен өткізілген. Трактор паркінде нашар жұмыс істеуі егіншіліктен томен өнім алуға соқты. Облыс колхоздары бойынша дәнді дақылдар егісінің әрбір гектарына 14 центнер орнына, орта есеппен небары 6 центнер ғана өнім алды.

Мұнан кейін баяндаманы облыс колхоздарында мал шаруашылығы жайына тоқталды. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде біраз табыстарға ие болды. Мәселен Петропавл ауданының Сталин атындағы «Красный пахарь», Конохов ауданының «Колос», Приешім ауданындағы «Новая жизнь» колхоздары мал басын өсіру жөніндегі мемлекеттік жоспарды толық орындаумен бірге оның өнімділігін арттырды. Осы жылдың 11 айында әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1750—2085 литрден сүт сауылған.

Дегенмен облыс колхоздарында қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісі әлі де өскелең міндеттердің дәрежесінен кейін қалып отыр. Октябрь, Преснов, Ленин, Соколов аудандарында мал басының кемуіне жол берілді. Осының салдарынан бірсыпыра колхоздар мал басын өсіру, мал шаруашылығы өнімін арттыру

осылай ұйымдастырып 3000 гектар тың игеру жоспарын 5160 гектар етіп асыра орындады және 22 тонна жанар май үнемдеді.

Петропавл ауданы, Сталин атындағы колхоздың сауыншысы Лисс, Конохов ауданы «Жаңа тұрмыс» колхозының ферма менгерушісі Қайырлин жолдас мал шаруашылығындағы жоғары көрсеткіштерін айта келіп, бұл саладағы негізгі табыс мал азығы қорына тікелей байланысты екендігін ескертті. Ол колхоздарындағы мал шаруашылығының нақты жайларына тоқталды.

Жданов атындағы жана ұйымдастырылған совхоздың комсомол комитеті секретарының орынбасары Скрипин, Маленков атындағы совхоздың комсомол комитетінің секретары Разинков жолдас мал шаруашылығымен мен жастардың белсенді, өнімді жұмыс істеуіне ұйымдастыру ісіндегі несіздік бебет жасайтындығын айтты. Жаз уақыттарында жанар және жанар майдың мезгілінде жеткізілмеуі, себепті тракторлардың ұзақ уақыт босқа тұрып қалғандығын, кәзір совхоздарда трактор жөндеуді толық аяқтауға мүмкіншілік болғанымен совхоздар тресі мен «совхозлаб» сыяқты мекемелердің қосалқы бөлшектерді уақытылы жеткізебеуі салдарынан жұмыс қарқынының баяулап отырғандығын көрсетіп, аталған мекемелерді сығана алды.

Кеңесте ҚРП облыстық комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің менгерушісі Журавлев жолдас сөз сөйлеп облыс жастары алдында тұрған міндеттерге тоқталды.

Жарыссөзде Ленин аудандық ҚЛЖО комитетінің секретары Коваленко, Приешім аудандық ҚЛЖО комитетінің секретары Ткаченко, Соколов ауданы, Сталин атындағы колхоздың бастауыш комсомол ұйымының секретары Масловская жолдас тар, барлығы 30 адам сөйледі.

Кеңес облысымыздың озат жастарына үндеу қабылдады. Кеңестің соңында ауыл шаруашылығы жұмыстарында үздік көрсеткіштерге ие болды, жастардың социалистік жарысында озып шыққан комсомол-жастар бригадаларына, аудандық ҚЛЖО комитеттеріне бағалы сыйлықтар және Құрмет грамоталары берілді.

Комсомол ұйымында

Қаладағы механизациялық техникум бастауыш комсомол ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы болып өтті. Онда комсомол ұйымының секретары Казанов жолдас комитеттің жылдық жұмысы жөнінде есепті баяндама жасады. Баяндаманы өткен оқу жылында комсомол ұйымының елеулі табыстарға жеткендігін айтты. Өткен оқу жылы ішінде комсомол жыйналыстарының жиі болып, онда оқушыларға политехникалық білімдер беру және сабақ үлгерімін жақсарту, комсомолдар арасындағы орын алған кейбір кемшіліктер жөнінде мәселелер қаралып отырды.

Техникумда көптеген үйірмелер жұмыс істеді. Олардың ішінде әсіресе әдебиет және физика шеңберіне арналған үйірме-

лерге көптеген комсомол-жастар қатынасты. Техникум қамқорлығына алған колхозда студенттер өкілі ай бойы жұмыс істеп, олар егіс даласында қажырлы еңбек етті. Студенттердің оқу үлгерімі де жақман болған жоқ. Комсомол ұйымы өзінің жұмысын жақсы атқарғандығы жөнінде бірнеше комсомолдар көптеген мысалдар келтіріп сөз сөйледі.

Жыйналыс комсомол ұйымының өткен оқу жылы ішінде істелген жұмыс қорытындысына қанағаттанарлық деп тапты. Сондықтан да техникумдағы комсомол ұйымының бұрынғы бюро мүшелерінің құрамы бйылы да түрелінен қайта сайланды.

Т. ЖАНҒАБЫЛОВ.

жабдықталып, олардың ішіне орындықтар, столдар, керосин шамдары, гүлдер қойылған. Сайлау күні мектеп оқушылары мен оқытушыларының күшімен сайлаушылар үшін концерт беріледі, әңгімелер өткізіледі.

Сайлау күні сайлаушыларды қамту үшін колхоз басқармасы бірнеше пар ат бөлді. Есеп комиссияларының міндеттері белгіленді. Сайлаушылардың тізімдері анықталып, қажетті өзгертулермен қайра жасалды. Колхозшылар 12 декабрь күні өздерінің сайлау праволарын тағы бір жүзеге асырып, советтік демократияның жеңісін салтанат етеді.

Облыс сайлаушылары 12 декабрь күні сайлау урналарына түгел келіп, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидатарына дауыс береді. Сөйтіп сайлау күнінің бүкілхалықтық мерекеге айналдырады.

ОТШЕН ОЙНАСАҢ, ӨРТЕНЕРСІҢ

Мен әскери адам болғандықтан шетелдік әскери мамандардың айтқандарына, әсіресе егер бұл сөздер менің еліме қарсы бағытталған жоспарлар жайында болса, оған көңіл аудармай отыра алмаймын. Осыған байланысты мен ағылшын фельдмаршалы Монтгомеридің шетел баспасөзінде жарияланған мәлімдемелері жөнінде бірнеше сөз айтпақпын. Жұртқа мәлім, ол көзіргі уақытта Солтүстік Атлантика, одағы соғыс командованиесінің штабтыңда, Америка Генералы Гронтердің қарамағында қызмет істеп жүр.

Фельдмаршал Монтгомери соңғы кезде жұрт алдында тым жиі декларация жасап тұратын болды. Жасағанда ол соғыс жанжалы шыға қалған күнде бейбіт халықтарға қарсы, Совет Одағы мен халықтық демократия елдеріне қарсы атом және сутегі қаруларын пайдалануға әзеурей шақырады.

Ол 8 октябрде Анкарада (Түркия) тілшілерге былай деп мәлімдеді: «Біздің қарулы күштеріміз жаудың күштеріне тең болғандықтан... біз атом қаруын қолдануға мәжбүр боламыз». 21 октябрде ол: «одиктатордың жоғарғы штабында атомдық және термоядролық қаруларды пайдалануға жоспар жасалып жатыр» деді. 11 ноябрде Оттавада (Канада) ол атом қаруын шексіз пайдалану керек дегенді айтты. Ақырында, 30 ноябрде, Лос-Анжелоста (АРШ) сөз сөйлеген Монтгомери атом қаруын қолданамыз деп тағы да айбат шегіп, америка командованиесін «біз орыстарды әлекке түсіреміз» деп мәлімдеуге шақырды. Фельдмаршал Монтгомеридің бұған дейін де болшақтары соғыс жанжалында атом және сутегі қаруын қолдануға сөзсіз тура келеті және тіпті қажет болады деп талай рет уағыздағаны маған мәлім. Монтгомеридің жаппай қырып жоятын қаруға деген бұл ынталдылығының мезгілге айналуы социалдық, кейбір ағылшындар фельдмаршал атом қоянығына ұшыраған жоқ па, деген сұрақ қоя басталды. Тіпті ол 1949жылдың ақырында жаңа соғыс «біз

үшін барыша тырысуға. Батыс Германияны демилитаризация оның бейбітшіл герман демократиялық Республикасы мен біртұтас мемлекет болып бірігуіне мүмкіндік бермейтінін айтпағанның өзінде, мұндай саясат Батыс Германияның милитаристік мемлекетке айналуына, алудан өте қатерлі зардаптар тууына әкелі соғады.

Совет Одағында да, Францияда да, сол сыяқты европалық басқа мемлекет-

тастырудың өмісі ғана болып табылады. Бұл—халықтардың қырағылығын әсірету үшін кәзір Францияда және басқа елдерде қолданылып отырған әдіс-айла.

Ал іс жүзінде Батыс Германияны милитаристік мемлекетке айналдыруды және оны европалық басқа мемлекеттерге қарсы бағытталған соғыс топтарына қатыстыруды көздейтін Париж келісімдерін бекіту Германияны біріктіру туралы төрт державаның арасындағы келіссөздерді негізсіз етеді және бұл мәселе бойын-

ШАХТА ЖҰМЫСТАРЫН ТОЛЫҒЫНАН МЕХАНИКАЛАНДЫРУ

ССРО көмір өнеркәсіп министрілігі шахта құрылысшыларының еңбегін механикаландыруды оған өрі ұлғайтуға арналған шараларды бекітті. Атап айтқанда, шахта стволдарын қолонжалы бұрғылау деген әдіспен орнатуға арналған қондырғылар шығаруды арттыру ұйғарылды. Жақсартылған конструкциялы бұл қон-

дырғылар «Укрзападшахтострой» компания шахталарының құрылысында сыналғанда, олар шахта стволдарын орнатуы толығынан механикаландыра отырып, жоғары жұмыс өнімділігін көрсетті. Йер қыртысын талғау, топырақты сыртқа шығару, стволдың жарларын бекіту және басқа жұмыстарды бұрғылағын сна-

Совет үкметінің нотасында 1954 жылы 2 декабрде европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесінде қабылданған ССРО, Польша Халық Республикасы, Чехословак Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Болгар Халық Республикасы және Албан Халық Республикасы үкметтері Декларациясының тексті қоса тапсырылды.

радтың механизмдері атқарады. Жаңа қондырғылар шығаруға бірнеше өнеркәсіптік министрліктердің қасіпорындары, оның ішінде Челябинсктің труба-лар жасау заводу, Уралдың машина жасау заводу, Краснолугекейің Главуглемаш заводу қатысуға

(СОТА)

фельдмаршал Монтгомеридің атом соғысын ашуға шақыруы жайында

үшін нарыз мейрам болады, біз онда көп адамы қырамыз» деп те мәлімдеді рой.

Монтгомеридің атом соғысын бастауға әзеурей шақыруы біздің, совет адамдары, сол сыяқты барлық бейбіт халықтарды да, қатты ызаландырады. Жауансыз америка конгресмендерінің атом бомбасын жалақтатып, есуастық сөздер айттып жүруі бір сәрі: олар өздерінің не айттып жүртіні де ұнатпайды. Ал атомдық соғысқа шақырушы ағылшын фельдмаршалы болса, оның өзі бұл соғыстың, әсіресе Англия сыяқты елдер үшін қандай сұмдықтарға ұшырататынын айқын аңғаруға тиісті адам болса; мұның өзі жай ғана есуастық емес, одан да өткен сорақы бірдеңе сыяқты. Осыған байланысты мен, Совет Одағының маршалы болғандықтан, фельдмаршал Монтгомеримен кездескен және оны қолбасшы ретінде білетін адам болғандықтан, оған мыналарды айтпақпымын:

Фельдмаршал, сіз бен біз әскери адамдармыз біз соғыс дегеннің не екенін білеміз және көзіргі уақытта атом және сутегі қаруының қыратушылық күштері мен атом соғысының сұрапыл зардаптарын әбден айқын аңғарамыз. Атом соғысы жайында сіздің социалдық жеңіл сөйлейтіндігіңізге, атом соғысының қажеттігі туралы уағыздап, адамдардың таңдырына социалдық немқұрайды қарайтындығыңызға менің өз басым қатты таңырқаймын. Сіздің атом соғысы сөзсіз болды деп дәріптеп, атом бомбасын шексе беретіндігіңізге таңырқамай отыра алмаймын.

Сіздің «орыстарды әлекке түсіреміз» деген мәлімдемеңіз жайына келсек, біреуді «әлекке түсіруді» тілеу мен оны жүзеге асыру мүмкіншілігінің арасында еркінше егерділер болатындығын айтпақпын. Өзіңіздің де есіңізде болар, 1944—45 жылдың қысында немістер

Арденныдағы америка және ағылшын әскерлерін «әлекке түсірген» болатын. Сонда сізге, фельдмаршал, совет командованиесінен шұғыл көмек сұрауға тура келген, ал совет командованиесі сізді Бельгияда толық талқандалудан және «екінші Дюнжерктен» сақтап қалған болатын. Ол кезде сіз оншалық шат көңілді болмаған шығарсыз деп ойлаймын. Орыстарды «әлекке түсіргеніз» келетіндігін мәлімдеуден бұрын, сол бір кезді есіңізге алған жөн болар еді.

Бұл жөнінде мен сізге, фельдмаршал, орыстар өздерінің бейбіт еңбегін бұзуға тырысатындардың бәрін «әлекке түсіре» алатынын ескерткен болар едім. Бұл жағдайда кәнде-кәім соғыс өрпін тұтандыруға батылдық жасаса, соның өзі тіпті де қызығуға болмайтын күйге түсер еді. Дүниежүзілік екінші соғыстың тәжірибесі әлі ешкімнің есінен шыға қойған жоқ сондықтан да гитлерлік Германияның ССРО-ға қарсы алшақ жорығы немелі аяқталғандығын ескерту қыйын емес. Ал одан бері дүниеде үлкен-үлкен өзгерістер болды. Өзіңізге белгілі, кәзір Совет Одағы бұрынғыдан да күшті, оның қатарында 600 миллион халқы бар Қытай Халық Республикасы және басқа халықтық демократия елдері тұр. Бейбітшіліктің, демократияның және социализмнің бұл қуатты, құрылмай берік лагерін барлық бейбітші халықтардың жақтауындығы да сізге жақсы мәлім болуға тиіс. Ал соғыс ісінің техникалық жағына келетін болсақ, бұл он жылдың ішінде Совет Одағында оның да ойтағыдай өркендегендігін сіз білеіні боларсыз.

Мұның бәрі баршаға белгілі жайлар, ал солай бола тұрса да, мен оларды сіздің есіңізге сала жеткенім, өйткені, сіздің мәлімдемелеріңізге қарағанда, сіз оларды тиісіне есепке алмайтын жөрінесіз.

Фельдмаршал, сіз бен біз бүкіл саналы өмірдегі соғыс ісіне қызмет етумен өткізген адамдармыз. Біз соғыс құралдарының қыратушылық мүмкіншіліктері өскендігін мәлім және кәзір бұл мүмкіншіліктердің ерекше зор екенін де білеміз. Біздерге, әскери адамдарға, болашақ соғыста апат болуы мүмкін жүз миллиондаған адамдардың өміріне жауаптылық, жер бетінен жойылып кетуі мүмкін аса ірі мәдениет және өнеркәсіп орталықтарының қырауына жауаптылық жүктеледі. Әскери адамдардың қолына ғылымның берген күшінің қыратушылық қуаты зор екендігі социалдық, біз, әскери адамдар, атом қуатына тыйым салудың, ол тыйым салуға халықаралық нақтылы бақылау орнатудың қаншалық қажет екенін есте салтауға тиістіміз.

Атом және сутегі бомбалары—бейбіт жұртты жаппай қырып жоятын қару екенін, қалаларды қыратудың қаруы екенін, әсіресе жері шағын, жұрты көп ел үшін ерекше қауіпті қару екенін сіз бен біз жақсы білеміз. Фельдмаршал, сіз атом және сутегі қаруларын қолдануды қалай-ла социалдық жеңілеттігімен уағыздайсыз? Қалайша сіз қоғамдық пікірді ала-жастырып, атом соғысы сөзсіз болды және тіпті қажетті деп оны моральдық жағынан әзірлейсіз? Адамзатты сұрапыл атом соғысына итермелеу—қылмыс жасау болатындығын сізге айқын емес пе?

Солдатқа төн туралықпен төтесінен шығамды айттайын: сіздің атом соғысын уағыздаған сөздеріңіз мені қатты ашындырмай қала алмады. Сіздің ойламай айтқан мәлімдемелеріңіз мені сізге өтпен ойнайтындығыңызды ескертуді мәжбүр етеді. «Жел тілеген дауылға ұрынар» деген белгілі мақал бар. Мен сіздің, фельдмаршал, атом соғысын тілеуіңі болмағаныңызды жөн көрер едім.

А. ВАСИЛЕВСКИЙ,

Совет Одағының маршалы.
«Правда», 4 декабрь.

Кәзіргіміз бен болашағымыз

Мал шаруашылығын онан әрі өркендеті береміз.

СОБН Орталық Комитетінің сентябрь пленумы колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын неғұрлым тез өркендетудің еліміз үшін өмірлік зор маңызы бар және кәзіргі уақытта партия мен мемлекеттің ауыл шаруашылығындағы ең шұғыл міндет деп айғақ көрсетті.

Колхозшыларымыз қоғамдық мал шаруашылығын неғұрлым тез өркендетудің нақтылы шараларын белгілеп, оны мүлтіксіз жүзеге асыру жолында жанамай еңбек етті. Осының нәтижесінде соңғы бір жылдың ішінде колхоз фермаларында тек мал басы едәуір көбейіп қана қойған жоқ, сонымен бірге мал шаруашылығынан алынатын өнім мөлшері де өткен 1953 жылғымен салыстырғанда анағұрлым арттырылды.

1953 жылы әрбір сауын сыйырдан небары 839 литрден сүт сауылған болатын. Өйткені ол жылы мал қыстан арық шығарылды. Бұл жағдай сыйырдың сүтті аз алынуына негізгі себеп болды.

Колхозшылар шаруашылығымыздың ішкі мүмкіншіліктерін толық есепке ала отырып, 1955 жылғы мал шаруашылығын бұрынғыдан да өркендеті беруді көздеп отыр.

Быйыл мемлекетке ет үшін тек семіз малдарды тапсырдық. Мұның өзі ет тапсыруға мал басын неғұрлым аз жұмсауымызға жағдай жасады.

семіз ет сатуымызға мүмкіндік берді. Жыл аяғына дейін дайындау орындарына тағы да кемінде 50 центнер семіз ет сатамыз.

Мал басының көбеюі, мал шаруашылығы өнімдерінің артуы, шаруашылықтағы бұл саласынан алынатын табыстың да едәуір көбейіп түсуіне жағдай жасап отыр.

Мал шаруашылығы саласындағы мұндай табыстарымыз өзімізден келген жоқ. Ол — ең алдымен мал шаруашылығын өркендету жөніндегі колхозшыларымыздың адал және қажырлы еңбектерінің нәтижесі.

Колхозшылар шаруашылығымыздың ішкі мүмкіншіліктерін толық есепке ала отырып, 1955 жылғы мал шаруашылығын бұрынғыдан да өркендеті беруді көздеп отыр.

Мал басын көбейтудегі шешуші кезек — мал қыстату маусымын үлгілі өткізу болып табылады. Біз жоғарыда айтылған нысанамызға жету үшін быйыл мал қыстатуға ойдағыдай әзірлікпен келіп, оны алғашқы күннен бастап ұйымшылдықпен жүргізіп отырмыз.

жүргізіледі. Әрбір топтағы малға арнаулы адамдар белінді. Кәзір мал фермаларында алдыңғы қатарлы, өз ісіне шебер 53 колхозшы жұмыс істейді.

Колхозда қысқы маусымға 12, 900 центнер шөп, 2, 500 центнер сабан, 1000 центнер дөңді жемазық, 3, 630 центнер сұразық дайындалды. Бұл азығымыз малды қыс бойы тойымдыра азықтандыруға жетеді.

Мал басының өсуіне байланысты алдағы жылы мал қораларын көбейте түсетін боламыз. Жаз шыға, механикаландыру жұмысын жүргізуге лайық стандартты сыйыр қора, бұзау қора саламыз.

Айта кету керек, біздің фермаларда еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың жайы әлі де болса тиісті дәрежеде емес.

«Мал бауланға бітеді», дейді халық. Біз малды бағу, күту, азықтандыру жұмыстарындағы озат тәжірибелерді үйреніп, оны өз ісімізге кеңінен қолдана отырып, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, өнімін арттыра береміз.

Т. МЕЙМАНОВ,

Булаев ауданы, «Победа» колхозының председателі.

Колхоздар автомашиналар сатып алуда

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Георгиев ауданының «Победа» ауылшаруашылық артель мемлекетке сатқан сүт пен жұннен түскен қаржыға үш жүк автомашинасын сатып алды.

Облыстың тұтынушылар одағы жыл басынан бері колхоздарға 350-ден аса автомашина сатты.

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Облыстың колхоздары мемлекетке астық, ет, сүт сатуда. Бұдан түскен қаржыға олар қажетгі басқа товарларға қоса автомашиналар да сатып алуда.

Ново-Покров ауданының Сталин атындағы колхозы мемлекетке көптеген астық сатты. Колхоздың гаражындағы машиналарға тағы да төрт жүк автомашинасы мен бір жеңіл автомобиль қосылды.

Облыс колхоздарының автопаркі быйыл 200 жүк автомашинасы мен жеңіл автомобильдер алды.

МТС жұмысындағы жаңалық

НОВО-СУХОТИНО (Бөксетау облысы). (ҚазТАГ). Октябрь МТС-нің коллективі машиналарды жөндеудің тоқсанды жоспарын мерзімінен бұрын орындады.

Станцияның машина паркі бір жылда екі есе көбейді. Алайда жөндеуші жұмысшылардың саны бұрынғыдан көбейген жоқ.

Колхоздарда, МТС-терде ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндейтін жыл

КИНО

„ИНЕЛІК“

Жасампаз еңбектің адамның өміріндегі өз орнын табуына зор әсері бар ұлы күш екендігін жете түсінігендер біздің арамызда әлі де кездеседі. Олар бақытты өмірдің қызығын көре отырып, оның миллиондардың қажырлы еңбегі арқасында құрылғандығын, еліміздегі әрбір табыстың, әрбір қуанышты минуттың осы еңбек күші арқылы туғандығын аңғарып ой жібермейді.

«Инелік» кинокомедиясының оқығасымен жұртшылығымыз грузин драматургы М. Бараташвилидің «Инелік» атты пьесасы арқылы бұрыннан таныс болатын. Пьесалары оқыға Грузияның алдыңғы қатарлы колхозының председателі Георгий Перандзегін қызы Маринэ төңірегіне құрылған. Маринэнің орта білімі бар.

Осы кезде оның құрбы қызы, өзмен аттас Маринэ Перандзеге шай өсірудегі үздік табыстары үшін Социалистік Еңбек Ері атағы беріледі. Маринэ-Инеліктің Тбилисидегі таңыстары мен туысқандары бұл жоғары атақты оған берілген деп ойламай, оның «табысына» қуанады, құттықтайды.

Фильмнің композициялық желісі негізінен осы оқығаға құрылған. Фильмнің сценарийін жазушылар М. Бараташвили, Л. Хотивари, фильмді қоюшылар С. Довлидзе, Л. Хотивари жолдастар фильмде колхоз даласындағы қызу жұмыс, колхозшылардың қажырлы еңбегін кең қамтып алған.

еңбек ету. Бұл мақамды мәселе фильмде жан-жақты толық көрсетіледі де.

Фильмнің өзге мәселесінің бірі — еңбектің тәрбиелік күші. Мұны зрительдер Маринэ-Инеліктің мысалынан айқын көреді. Маринэ-Инелік алғашқы кездегі өз басындағы кемшіліктерден толық арылып, қоғамымызға пайдалы адамға айналады.

Маринэ-Инеліктің еңбекке сүйіспеншілігі жолдастарының кеңесі арқылы ғана қалыптасты деу қателік болар еді. Ол еңбектің ұлы күшін төңірегіндегі еңбек туғызған өзгерістерден айқын көреді. Назыз бақыт, аброй еңбекте екендігін сезінеді. Олай болса, оны еңбекке ынталандыра қаштң өзі еңбек деуіміз керек.

Фильмде мұнызы орын алатын тағы да бір мәселе бар. Ол — семьядағы тәрбие мәселесі. Жастардың шын мәнінде дұрыс тәрбие алып, қоғамымызға пайдалы адам болып шығуына олардың өз семьясында алған тәрбиесінің маңызы өте зор.

Фильмде Маринэ-Инеліктің сүйген жігіті, жас архитектор Шотаның образын артист Р. Чхиквадзе бірқелкі тәуір жасай алған. Шота еңбек сүйгіш, таза махаббаты құрметтейтін адал жанлы жігіт. Сондай-ақ артист А. Жоржолани қарт поштасы Кирилленің күлкілі жайларға толы образын нанымды ойнады.

Фермадағыларға қамқорлық нашар

«Совет» колхозы (Совет ауданы) мал қыстатуға мүлдем әзірлесіз жіреті. Мұнда мал азығы жеткілікті мөлшерде дайындалмады. Жаңа мал қораларының белгіленген құрылысы жүргізілмеді. Міне бұл фактілердің барлығы мал қыстату науқанын ойдағыдай өткізуде елеулі кыйыншылықтар туғызады.

Осыған байланысты колхоз басқармасы мал қыстату науқанының алғашқы күнінен бастап мал азығын тығыздығы есепте алуы шарт еді. Бірақ іетің жайы төреліне болып отыр. Колхозда жемшөп өлшеңбей беріледі, фермалар жанында арнаулы таразылар жоқ. Малға азық беру нормасы сақталмауының бір себебі — фермаларда мал күтушілердің тұрақты бол-

мауында. Атап айтқанда, колхоздың 150 бас бойдақ малдарын күтуге 6 адам керек болса, бұл жұмыста 3 адам ғана жүр. Сондықтан малға тиісті күтім жасалынбай кетеді, демек оларды суару, азық беру мерзімдері сақталыпбайды.

Колхоз басқармасы мал шаруашылығын өркендетуде шешуші роль атқаратын колхозшы — мал өсірушілердің тұрмыстық жағдайымен санаспайды. Фермада жұмыс істейтін адамдардың біреуі бірі жылы киіммен қамтамасыз етілмеген. Мал шаруашылығындағы 25 адамның біреуінде ғана шима бар. Осындай жылы киімнің тапшы болуы себебі мал күтуде жүрген колхозшылардың жұмысқа шыға алмай қалатын фактілері де жездеседі. Мысалы,

сауыншы Морозова бірнеше күндей жұмысқа шыға алмады.

Мал өсірушілердің өз мамандықтарын арттыра беруге бірден-бір жағдай туғызатын зоотехникалық оқу колхозда мүлдем жүргізілмейді. МТС-тің бас зоотехнигі Төлеуов жолдас аталған кешпіліктерді түгел білсе де, оның дереу жойылуына бағытталған шараларды іске асыруды міндет деп білмейді.

Мал қыстату — мал шаруашылығындағы шешуші кезең. Сондықтан бұл салада орын алып келген кешпіліктерді дереу жою — МТС, колхоз басшыларының ең басты міндеті.

С. ТЕМІРЖАНОВ.

Бетон блоктарын шығаратын завод

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Мұнда ірі бетон және шпак бетон блоктарын жасайтын завод іске қосылды. Кәсіпорын бір таулікте қабырғала қаланатын 40 текшеметр материал шығарады. Ең үлкен блок салмағы 500 килограмма дейін жететін тік үшбұрыш түрінде шығарылады. Блоктың салмағын жеңілдету және материалдар үнемдеу мақсатымен оның іші цилиндр тәріздіес ауысы еріні жасалған. Қазір мұнда салынып, жатқан 3.200 тонна астық сыятын қойманың құрылысына небәрі 1.037 ірі блок қолданылатын болады.

Бетон блоктарын шығаратын заводтар Тобыл станциясында және № 63 развед де салынып жатыр.

«Ивелік» кинокомедиясында еңбектің жасампаз күші, оның адам өмірін көркейтетіндігі фильмінің негізгі идеялық өзегі етіп алынған. Колхоздың көп даласы мен күс фермасында да, архитектор Шотаның мастерскойы мен институт аудиториясын да да жасампаз күш — еңбек дабылы естіледі. Оған тікелей араласып жүрген Еңбек Ері Мариненің (артистка Л. Асатиани), колхоз председатели Георгийдің (артист А. Омиздэе), шофер Бичиковың (артист Д. Абашидзе) және басқаларының барлық қуанышын, уайымын осы еңбекпен тығыз байланысты. Олардың бойын билеген бір-ақ ой бар. Ол — Отан, халық үшін

үлгесін отырады.

Киноискусствода басқа жанрлармен бірге кинокомедия да үлкен орын алады. Өткір сықаққа толы ол қоғам өмірінің дамуына барынша кедергі келтіретін ескінің зиянды қалдықтарымен өмірде кездесетін жміркеншікті әдеттердің бетін ашып, өшкөрселейді, өлтіре сықақ етеді. Бұл біздің қоғамымызда өте қажетті де. Міне, осы тұрғыдан қарағанда «Ивелік» кинокомедиясының маңызы зор болып табылады. Грузия-фильмі «Ивелік» кинокомедиясын жасай отырып, киноискусствоның бұл жанрын дамытуда елеулі үлес қосқан.

А. СҮЛЕЙМЕНОВ.

Оқушылар программалық материалдарды толық меңгерсін

Смирнов орта мектебінің қазақ класстарында оқығанын оқушылардың көпшілігі аудан колхоздарындағы жеті жылдық мектептерді бітіріп келгендер. Бұл оқушылардың біздің мектебімізде жақсы үлгеріп өсетіні олардың жеті жылдық мектептерде тығыздығы, терең білім алып шығуларының зор маңызы бар. Алайда, бұл маңызды мәселеге Совет ауданының біршығыра мектеп басшыларының әлі де жете мән бермей келе жатқандығы байқалады. Бұған мектебіміздің VIII классына түскен оқушыларының көпшілігінің білімдері жеткіліксіз, жеті жылдық мектептер программасын толық меңгермегендігі дәлел бола алады.

Үстіміздегі оқу жылында VIII класқа жеті жылдық мектептерді бітірген 90-ға жуық оқушы қабылданған болатын. Сентябрь айында VIII класқа өтуге тиісті материалдар бойынша қайталау сабақтары өткізілгенде көптеген оқушылардың кейбір материалдарды ұмыттып қалғандығы немесе мүлдем білмейтіндігі анықталды. Мұндай жағдай, әсіресе химия, физика, математика сабақтарында көп кездесті. Кейбір оқушылар ең қарапайым материалдар — химиялық элементтердің белгілерін жазу, математикалық, физикалық формулаларды оқуды өзін білмейді. Сол сыяқты олардың практикалық және лабораториялық жұмыстарға да дағдыланбағандығы байқалды. Әрине, VIII класқа мұндай нашар дайындықпен келген оқушылардың VIII класқа материалдарын да ойдағыдай меңгеріп өте алмайтындықтары белгілі. Оқу жылының 1 тоқсанының қорытындысында Көктерек жеті

жылдық мектебін бітіріп келген 8 оқушыдан 6 оқушы үлгермеді. Еркіндік, Молотов, Аманкелді жеті жылдық мектептерінен келген оқушылардың да оқу үлгерімі төмен болды.

Аталған жеті жылдық мектептерде өтірік материалдар күнделікті өмірмен, өндіріспен тығыз байланыстыра жүргізілмейді. Ал оларда бұл айтылғандарды істеуге көп мүмкіншілік бар. Мәселен, Көктерек жеті жылдық мектебі Совет МТС-іне маңызы бірнеше километрлік қашықтықта тұр. Мектеп дирекциясы МТС-ке экскурсиялар ұйымдастырса оқушылар өздерінің физикадан алған білімдерін анағұрлым кеңейткен болар еді. Әйтпекі VII класқа оқушыларының физика пәні бойынша өтетін материалдары ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты. Алайда, бұл мәселе мұнда ескерілмей қалып отыр. Молотов, Аманкелді, Көктерек, Еркіндік жеті жылдық мектептерінің бірде-бірінде қолөнершілер мастерскойы ұйымдастырылмаған, оқушыларды қол еңбегіне баулу жеткіліксіз жүргізілді. Ақта кететін жағдай, аталған мектептердің басшылары мектеп бітіретін оқушылардың терең білім алып шығуына қатаң талап қоймайды.

Жеті жылдық мектептердің жұмысындағы бұл кемшіліктер оқу тәртібі жұмысын ұйымдастыруды шұғыл жақсартуды қажет етеді. Мектеп басшылары бұған көңіл бөлуді керек.

Е. САБАБАЕВ.

Смирнов орта мектебінің оқытушысы, Совет ауданы.

«ЛЕНИН ТУЫНЫҚ» ДАБЫЛЫНАН КЕЙІН

«Колхозшылардың тұрмыс қажеті тыңғылықты өтелмейді»

Газетіміздің осы жылы 10 ноябрьдегі жарияланған «Колхозшылардың тұрмыс қажеті тыңғылықты өтелмейді» деген хабарда Николаевка селолық тұтынушылар қоғамының председатели Колхоздың мүшелерін күнбе-күнгі жұмысқа қажетті товарлармен тыңғылықты қамтымай келгендігі айтылған болатын. Преснов аудандық тұтынушылар одағы

редакцияға мынаны хабарлады: газетке жарияланған осы мақала бойынша тоқсаныс жүргізгенде онда көрсетілген фактілер толық анықталды. Николаевка селолық тұтынушылар қоғамының председатели Чуланов жолдасқа Жданов атындағы колхозға күнбе-күнгі тұрмысқа қажетті товарларды дереу жеткізу жөнінде нұсқау берілді.

Тарандықтардың бастамасына іспен жауап берейік

Туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметі еңбекшілердің материалдық одақат дәрежесін жақсартумен қатар, олардың өскелең мәдени тілегін қанағаттандыруға да зор көңіл бөліп келеді. Соның көңілесінде қалалар мен селоларда жұмысшылар мен ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің рухани тілегін қанағаттандыратын көптеген мәдени-ағарту мекемелері мен мәдени орындар жұмыс істейді. Олар өздерінің жұмыстарын көзгігі талаптардың дәрежесіне сай жүргізуде. Қостанай облысы, Тараң ауданы еңбекшілерінің мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту беру туралы республика еңбекшілеріне жазған үндеуі барлық жерлерде кеңінен қолдау тапты. Бұл үндеуде, әсіресе, ауылшаруашылық артельдеріндегі мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын барынша жақсарту, оларды қысқа үлгілі әзірлеу баса қарастырылған.

Облыстық партия комитеті тарандықтардың бұл үндеуін өзінің бюро мәжлісіне қойып, бұл игілікті бастаманы барлық аудандық партия комитеттері мен колхоз, совхоз және МТС бастауыш партия ұйымдарында талқылауы, онда мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеуді ұсынаған болатын. Сол сыяқты облыстық мәдениет басқармасына 10 ноябрьге дейін әрбір аудан бойынша мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеу және үндеуге байланысты еңбекшілерді мәдени қамту ісін кеңінен өрістетуді жүзеге асыратын болатын.

Облыстың көптеген мәдени-ағарту мекемелері тарандықтардың бұл игілікті бастамасына қызу үн қосып, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің мәдени қамту, олардың рухани қажеттерін толық өтеу істерін жақсарту түсті. Бұған мысал ретінде Преснов аудандық мәдениет үйінің жұмысын алуға болады. Бұл мәдениет үйінің коллективі еңбекшілерді мәдени қамту ісін ойдағыдай ұйымдастыру арқылы өз-

дерінің жұмыстарын жолға қоя алды. Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары Преснов ауданының колхоздары мен совхоздарында жиі болып, еңбекшілер үшін сауық көштерін, кітап оқушылар конференциясын, әңгімелер өткізу, лекциялар оқу жұмыстарын жиі өткізіп отырады. Мәдениет үйі қысқы маусымға да ойдағыдай әзірленді. Осының нәтижесінде бұл мәдени-ағарту мекемесі өз жұмыстарын көзгігі талаптардың дәрежесіне сай құра алған үлгілі мәдени-ағарту мекемелерінің бірі болып отыр.

Дегенмен көптеген аудандардағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы көзгігі талаптардың дәрежесіне сай емес. Керек десе, көптеген аудандарда тарандықтардың игілікті бастамасы осы күнге дейін талқыланбаған. Бұған мысал ретінде Петропавл ауданын алуға болады. Мәселен, бұл ауданда тарандықтардың үндеуі бірде-бір колхозда талқыланбаған. Ал аудандық партия комитеті мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту, оларды қысқы маусымға ойдағыдай әзірлеу жөнінде ешқандай шара қолданбаған. Ал Соколов аудандық партия комитеті тарандықтардың үндеуін өзінің бюро мәжлісінде талқылаумен қанағаттанып, оны жүзеге асыруға көңіл аудармаған. Бұл сыяқты жауапсыздық ауыл-селоарда еңбекшілерді мәдени қамту ісінің нашар болуына жол беріп отыр. Мәселен, Петропавл және Соколов аудандарындағы көптеген мәдени-ағарту мекемелері қысқа мерзімде дайындала алмады. Соның салдарынан олар қысқы уақыттарда еңбекшілерді мәдени қамту сыяқты жауапты іске дәрменсіздікке салынып отыр. Ал көптеген колхоздарда клуб үйлерінің пайдаланылмай босқатууы бұл аудан басшыларының идеологиялық жұмыстың маңызды участігіне әлі күнге дейін мән бермей отырғандығын көрсетеді.

Бұдан поселкасы экономикалық жағынан жылдан-жылға нығайып, көркейіп

келе жатқан аудан орталығы. Бірақ осы поселкадағы мәдени-ағарту мекемелерінің жағдайы өте нашар. Мәселен, мұнда осы уақытқа дейін не клуб үйі, не кинотеатр жоқ. Ал «Гигант», «Вторая пятилетка» ауылшаруашылық артельдерінің клуб үйлеріне астық үйленген. Бұл колхоздың мүшелері клуб үйлерін босатуды және оны колхозшылардың мәдени орталығына айналдыруды колхоз басқармасынан бірнеше рет талап еткен болатын. Бірақ басқарма мүшелері колхозшылардың бұл орынды талабына көңіл аудармай келеді.

Тарандықтардың игілікті бастамаларын жүзеге асыруда бұл сыяқты орын алған кемшіліктердің болуына ең алдымен облыстық мәдениет басқармасы көңіл деуіміз керек. Шындығында, мәдениет басқармасы жергілікті жерлердегі мәдени-ағарту мекемелеріне қағаз арқылы ғана басшылық етуге сүйеніп, оларға нақтылы көмек көрсетуді естен шығарған. Рас, мәдениет басқармасының басшылары және қатардағы қызметшілері ауыл-селоардағы жерлердегі мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту жөнінде әрбір тоқсан сайын көп көлемде шаралар белгілеп отырады. Бірақ осы шаралардың жүзеге асырылуын олар ешуақытта тексерген емес. Сол сыяқты бұл жоспарларда олар өткен тоқсанда белгіленген шараларды қайталап белгілеу сыяқты зиянды әдеттер етек алған. Бұған мысал ретінде мына фактіні айтып өтудің өзі жеткілікті. Үстіміздегі жылдың екінші тоқсанына жасалған 15 беттік жоспарда облыстық мәдениет басқармасы жергілікті жерлердегі мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту жөнінде 156 шара белгіленген болатын. Бірақ бұл тек қағаз жүзінде ғана қалды. Өйткені ол шаралардың төрттен бірі де орындалмады. Осы жоспарда Полудень ауданындағы Сергеевқа кітапханасының іс тәжірибесін көпшілік игілігіне тарату қарастырылған еді. Мәдениет басқармасының басшылары бұл жұмысқа көңіл де аударған жоқ. Соның салдарынан үстіміздегі жылдың ноябрь-декабрь айларына жасалған жоспарда осы кітапхананың іс тәжірибесін көпшілік игілігіне тарату тағы да кіргізілді.

Шынғын айту керек, облыстық мәдениет басқармасының басшылары Присяч, Ов-

чинников жолдасар белгіленген шаралардың орындалуын бақылап отырмайды. Сонымен қатар мәдениет басқармасының аудандық мәдениет бөлімдері және жергілікті жерлердегі мәдени-ағарту мекемелерімен байланысы нашар. Бірқатар аудандық мәдениет бөлімдерінің мәдениет басқармасы тарапынан ешқандай нақтылы көмек ала алмай отырғандығы бұған айқын мысал бола алады.

Еңбекшілерді мәдени қамту, олардың рухани тілектерін толық қанағаттандыру — маңызды міндет. Сондықтан да жергілікті партия және совет ұйымдары бұл маңызды іске жете назар аударып, ауыл-селоардағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарын көзгігі талаптардың дәрежесіне сай құруға міндетті. Әсіресе, облыстың ауыл-селоарында мәдени-ағарту мекемелері үшін үйлер салу жұмысы өте нашар. Сол сыяқты оларды қажетті мәдени құралдармен, кітаптармен жабдықтау ісінде қанағаттанғысыз. Сондықтан облыстық тұтынушылар одағы мен селолық тұтынушылар қоғамы ауыл-селоарда мәдени-ағарту мекемелерінің құрылыстары үшін қажетті құрылыс материалдары мен орындық, стол, шпак, бояу сыяқты заттарды қарамаңда жеткізіп отыруға тиіс.

Қыс күндері еңбекшілер арасында мәдени-ағарту жұмыстарын кеңінен жүргізуге бізде толық мүмкіншілік бар. Әңгіме осы мүмкіншіліктерді ойдағыдай пайдалана білуде болып отыр. Әсіресе, ауыл-селоардағы көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмыстарына жете назар аудару керек. Сол сыяқты колхозшылар мен механизаторлардың демалыс кештерін, кітап оқушылар конференциясын ұйымдастыру, оларға концерттер көрсету еңбекшілер арасында түрлі шығарындарда әңгімелер өткізу, лекциялар мен баяндамалар оқу — жергілікті жерлердегі мәдени-ағарту мекемелерінің қасиетті борышы. Ал партия және совет ұйымдары еңбекшілер арасында ұлт-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын кеңінен өрістетуге басшылық жасап отыруы тиіс.

Е. ФЕЙГЕ,

ҚНП облыстық комитетінің нұсқаушысы.

БҰҰ Бас Ассамблеясының ІХ сессиясы

Саяси комитетте

НЬЮ-ЙОРК, 7 декабрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Саяси комитеттің бүгінгі таңертеңгі мәжілісінде корей мәселесі жөніндегі жалпы дискуссияға Боливияның, Индияның, Колумбияның, Индонезияның және Түркияның делегаттары қатысты.

Боливияның өкілі Кирола Гальдо Солтүстік және Оңтүстік Корея арасында экономикалық, тағмы басқа байланыстар орнатуға көмектесуі қажет деген пікір айтты, мұның өзі, оның сенуінше, корей мәселесін бейбітшілікпен шешуге көмектеседі, сонымен қатар соғыс қйымдыларын қайта бастау хауінін бәсеңдетуге жеткізеді.

Индияның делегаты Менол Біріккен Ұлттар өзінің солтүстік Кореяға қарсы жоғары ұйымдастыруына көмектеседі деген үміт білдірген Ли Сын Манның мәлімдемесіне комитет мүшелерінің назарын аударды. Осыған 24 сағат бұрын, деді Менол, Сеулде сөз сөйлеген Ли Сын Ман: «қажет болған жағдайда біз жалғыз өзіміз шабуыл жасайтын боламыз» деп тағы да мә-

лімдеді. Менол, әсіресе Оңтүстік Кореяның сырттан алатын көмекке едәуір дәрежеде тәуелді болып отырғанын ескерілетін болса, бұл мәлімдемелердің қатерлі екендігін атап көрсетті.

Менол Кореядағы интервенцияға қатысушы 15 ел талсырған Женева кеңесі туралы баяндаманы сынады. Женева кеңесі, деп атап көрсетті ол, бұл баяндама авторының айтуындағына қарамастан өзінен кейін көшір салуға болмайтынтай шынрау қалдырған жоқ. Кореяны бейбіт жолмен біріктіру үшін, деп атап көрсетті Менол, бір ғана жол—келіссөздер жүргізу және келіссөздер жасау жолы ғана бар, соның өзінде келіссөздер бір жақ екінші жақтың алдында тізе бүгу дегенге сүйенбейтін болуы тиіс.

Өзінің қарар жобасын «15 тің» қарар жобасымен салыстырып, Индияның өкілі 15 елдің қарарында келтірілген және Женева кеңесі туралы баяндаманы мақұлдайтын пункттің қазіргі тұйықтан шығу жолын тек қыйындататынын атап көрсетті. Ал Біріккен Ұлттар ұйымы, деді Менол,

Арнаулы саяси комитетте

НЬЮ-ЙОРК, 8 декабрь. (СОТА). Кеше Арнаулы саяси комитет Оңтүстік Африка одағының үкіметі жүргізіп отырған көмектестік саясатынан туған Оңтүстік Африка одағындағы нәсілдік жанжал туралы мәселе талқылауды аяқтады.

Комитет мүшелерінің көпшілігі Оңтүстік Африка одағы үкіметінің нәсілдік саясатын БҰҰ уставына және адам праволарының декларациясына қайшы келетін саясат деп айыптады.

ССРО өкілі Г.Н. Зарубин былай деп мәлімдеді: Совет Одағы делегациясының пікірінше, Оңтүстік Африка одағының үкіметі ақ нәсілге жаппайтын халық жөнінде жүргізіп отырған көмектестік саясаты БҰҰ уставы баянды еткен адамның негізгі праволарын бұзғандық болып табылады және адам праволарының декларациясына қайшы келеді.

Совет Одағы делегациясының талқыла-

нып отырған мәселе жөніндегі позициясы, деді Г. Н. Зарубин, біріншіден, БҰҰ уставының ережелерімен, ал екіншіден, совет мемлекетінің ұлт мәселесіндегі саясатымен белгіленіп отыр. Осыған сүйенсе отырғанын, Совет Одағының делегациясы Оңтүстік Африка одағында жүргізіліп отырған нәсілдік көмектестік саясатын тоқтатуға бағытталған ұсыныстардың қандайын болса да қолдай келді және қолдай береді.

Арнаулы саяси комитет бірқатар делегациялар, соның ішінде Индияның, Индонезияның, Бирманың және Югославияның делегациялары енгізген қарар жобасын қабылдады, бұл қарар жобасында Оңтүстік Африка одағындағы нәсілдік қатынастарды зерттеу жөніндегі БҰҰ комиссиясының жұмысын оған әрі жүргізу және бұл комиссияның баяндамасын БҰҰ Бас Ассамблеясының Х сессиясында қарау

Саяси комитетте

НЬЮ-ЙОРК, 9 декабрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Кеше Саяси комитет корей мәселесін қарауды аяқтады. Жалпы дискуссияның ең соңында ССРО өкілі Я. А. Малик сөз сөйлеп, ол корей проблемасын бейбітшілікпен шешу жөніндегі келіссөздерді қайтадан бастауға қарсы шыққан АҚШ пен Англия өкілдерінің, сонымен қатар кейбір басқа делегаттардың ССРО-ның, ҚХР-дің және КХДР-дің Женева кеңесінде ұстаған позициясын бұрмалап отырғанын нақты фактілермен көрсетіп берді.

Совет өкілі былай деп атап көрсетті: бұл делегаттардың айтып отырған желеулеріне қарамастан, Совет Одағы Біріккен

ған Декларацияның тиісті қағидаларын сақп берді.

Біз мынаған сүйеніп отырмыз, деді ол: еркін сайлауды Германияда немістердің өздері, ал Кореяда —корейлердің өздері өткізуге тиіс. Кореяда да (сондай-ақ Германияда да) кейбір батыс державаларының «еркін сайлау» дегенді бетке ұстап, АҚШ-тың Кореяны соғыс тірегіне, ал корейлерді зеңбірек жемтігіне айналдыруына еркіндік беруді көзден отырғанын корей мәселесін талқылау айқын көрсетті. Кореяда, сондай-ақ Германияда, шетелдік әскерлердің; Германияда 1998 жылға дейін ал, Кореяда оның өзі Құрама Штаттар Оңтүстік Кореяға күшпен қабылда-

қазірдің өзінде болып отырған қыйыншылықтарды арттыратындай ешнәрсе де істемеуге тиіс.

Кореядағы интервенцияға қатысушы 15 елдің қарар жобасының ортақ авторлары болып табылатын Колумбия мен Түркияның өкілдері корей мәселесі жөніндегі келіссөздердің қайтадан басталуына және советтік қарар жобасына қарсы шықты.

Индонезияның өкілі Абу Ханифах Индияның қарарын қолдаған пікір айтты. Ол Кореядағы жағдайдың өлі де шиеленісіп отырғанын, ал бұл жағдайда қандай жанжалдың болса да «күштеген жағдай» тұндыру және соғыс қйымдыларының қайта басталуы мүмкін екендігін комитет мүшелерінің есіне салды. Сондықтан деп мәлімдеді Индонезияның өкілі, корей проблемасын шешуді қыйындату немесе алдынан позиция ұстау дұрыс болмас еді, өйткені мұның үтек Кореяның бөлшектелуін қалпында сақтауға әкеліп соқтыруы ғана ықтимал.

ұсынылған. Бұл жобаны жақтап 34 делегация, соның ішінде ССРО, Польша, УССР, Чехословакия, БССР, Индия, Индонезия, Бирма, Югославия делегациялары және басқалары дауыс берді. 9 делегация (Англияның, Францияның, Оңтүстік Африка одағының, Австрияның, Бельгияның, Канаданың, Голландияның, Жаңа Зеландияның, Колумбияның делегациялары) бұған қарсы дауыс берді. 40 делегация дауыс беру жөнінде қалыс қалды.

Арнаулы саяси комитет өлі де өкі мәселені: «ҚХР-ға қарсы агрессиялық әрекеттер туралы және бұл әрекеттер үшін АҚШ соғыс-теңіз флотының жауапкершілігі туралы» және «Қытай теңізілері ауданында еркін кеме қатынасының бұзылғандығы туралы» мәселелерді қарауға тиіс.

дауысқа қоюды талап етпейді, қайта ол совет делегациясы түзету енгізген Индияның қарарын қолдайды. Бұл түзетуде Индияның қарар жобасынан бір пунктті: Женева кеңесі жайында көрнеу бұрмаланып жазылған және кенеске қатысушылардың корей мәселесі жөніндегі позициясын бір жақты баяндайтын «15 елдің» баяндамасын еске алу ұсынылған пунктті алып тастау көзделген болатын.

Кореядағы интервенцияға қатысқан елдердің талап етуі бойынша және ССРО, Индия өкілдері мен бірқатар басқа делегаттардың қарсы болғанына қарамастан, комитет бәрінен бұрын енгізілген Индияның қарарын еске қайта «15 елдің» қар-

Француз жұртшылығы француз-совет договорының және ССРО-мен дипломатиялық қатынастар орнатылуының жылдығын атап өтуде Париждағы салтанатты жыйналыс

ПАРИЖ, 8 декабрь. (СОТА). Кеше Шабо сарайының үлкен концерт залында француз-совет договорының онжылдығын және ССРО-мен Франция арасында дипломатиялық қатынастар орнатылуының 30 жылдығын мейрамдауды өткізу жөніндегі комитет ұйымдастырған салтанатты жыйналыс болды.

Залдың сахнасы совет және француз ұлттық жалауларымен безендірілді.

Профессор Вейль-Аллиенің председателдік етуімен өткен жыйналыстың президенті Француз Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары Жак Дюкло, генерал Пети, Эжени Колтон, профессор Бурдиньон, Аббат Булье, Фарж ханым, «Франция-ССРО» ассоциациясының, Жалпыөзбек конфедерациясының басшылары және ұлттық бейбітшілік советінің мүшесі қайраткерлері болды. Мейрамды өткізу жөніндегі комитеттің председатели Дуард Эррио денсаулығына байланысты Лионнан Парижға келе алмағандықтан оның атынан жыйналысқа оның өз кабинетінің бастығы Ростеллний қатысты.

Салтанатты жыйналыс ССРО мен Францияның ұлттық гимндерін орындаумен басталды. Профессор Вейль-Аллиенің кысқаша кіріспе сөзінен кейін генерал Пети сөз сөйледі; ол 1944 жылы француз-совет договорына қол қойылған кезде ССРО

дағы француз соғыс миссиясын басқарған болатын.

Генерал Пети келіссөздер жүргізудің және договорға қол қоюдың қандай жағдайда өткізілгені туралы айтты. Ол Франция мен ССРО халықтары достығының дәстүрлі сипатын атап көрсетті.

Генерал Пети француз совет договорының негізгі текстің және мейрамды өткізу жөніндегі комитеттің декларациясын оқып берді. Бұл декларацияда былай делінген:

«Халықаралық жағдай бізге Францияның Совет Одағын танығандығының 30 жылдығын және одақ туралы француз-совет договорының онжылдығын ерекше атап өтуге міндеттейді. Біз осы салтанатқа әртүрлі саяси, діни және философиялық сенімдегі адамдарды шақырдық, бұл адамдар да, біздер сыяқты, бірлескен күрес кезінде жасалған және алдағы ұзақ уақытқа дейін бейбітшілік орнатуға көмектесетін міндеттемелердің әрбір әрпі мен рухын және договорларға адалдықты сақтау қажет деп санайды».

Бұдан кейін Мусоргоскийдің, Чайковскийдің, Прокофьевтің және француз композиторларының шығармаларынан концерт берілді. Концертке «Гранд-опера» театрының және басқа астаналық театрлардың артистері қатысты.

Генерал Петидің „Юманите“ газетіндегі интервьюі

ПАРИЖ, 9 декабрь. (СОТА). Ертең, одақтастық пен өзара көмектесу туралы француз-совет договорының онжылдығына байланысты, Парижда «Франция—ССРО» ассоциациясының жетінші ұлттық съезі ашылды. Осымен байланысты «Юманите» газеті «Франция — ССРО» ассоциациясының вице-президенті, республика Советінің мүшесі генерал Петиге: ұлттық съездің алдында тұрған негізгі міндеттер қандай және ассоциацияны өркендетудің перспективалары қандай деген сұрақтар қойды.

Генерал Пети былай деп атап көрсетті: съезд тек қана одақтастық пен өзара көмек туралы француз-совет договоры жылдығына және Франция мен ССРО-ның арасында дипломатиялық қатынастардың орнатылу жылдығына ғана шақырылып

отырған жоқ; бұл күндері ассоциацияның өзінің жұмыс істей бастағанына ой жыл толады. Біздің ұлттық съезд, — деді бұдан әрі Пети, — жаңа бет бұрыс болуға тиіс. Совет Одағының қазіргі уақытта бүкіл дүние жүзінде атқарып отырған ролін есепке ала отырып және бұл елге бүкіл жұртшылықтың назары аударылып отырғанда, біз үшін француз еңбекшілерінің қалың көпшілігін біздің ассоциацияның аржақты жұмысына қатысуға шақыратын мезгіл жетті. Біздің мақсатымыз, Совет Одағымен мүмкін болатын айырбастық барлық түрлерін қайтадан жаңарту және өркендету. Негізгі күні бейбітшілікті қамтамасыз етуге, басқа да барлық елдер сыяқты ССРО мен одақ жасауға бағытталуға тиіс екендігі заңды».

Жапониядағы саяси жағдай жайында

ШАНХАЙ, 8 декабрь. (СОТА). Посыла кабинетінің орынан түшегіне саяси топтар мен жапон жұртшылығы баса көңіл бөлуде. Посыла үкіметінің орынан түшегінің жапон жұртшылығы жапон халқының жеңісі деп бағалап отырғаны баспа-

сінде парламентарінің таратылуына жол берілмегеніне қанағаттанғандық білдірілген. «Біз,—деген федерацияның мәлімдемесінде,—өз мақсатымызға жалпыға бірдей сайлау өткізуге жеттік, өйткені бұл сайлаудың социалистер позициясын әлсірететініне шын шәетмен ұмтылып отыр

ВЕНГЕР-СОВЕТ ҚОҒАМЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ АЛМАТЫДА БОЛУЫ ЖАЙЫНДА

Алматыда қонақта жүріп Венгер-Совет қоғамының делегациясы республика Ғылым академиясында болды, мұнда оларды академия Президенті Д.А. Қонаев қабылдады. Делегаттар Қазақстан жазушыларымен кездесті, Алматының жәркемсуретті және документальді фильмдер киностудиясында болды. Киностудияда қонақтар «Жамбыл», «Қазақстанның ұлан байтақ жерінде» фильмдерін көрді. Олар Қазақтың мемлекеттік университетінде, жоғары таулық астрофизикалық обсерваторияда, № 1 қазақ орта мектебінде, № 3 балалар үйінде болды.

Делегация мүшесі скульптор И. Шомоди қазақ скульпторы Қ. Наурызбаевпен кездесті. Қазақтың шетелдермен мәдениет байланысы қоғамы басқармасы председателінің орынбасары Р. Шамжанов делегаттардың құрметіне қабылдау жасады, оған Алматының мәдениет қайраткерлері қатысты. Қабылдау достық және шын пейілді жағдайда өтті. Қонақтар үшін концерт берілді.

8 декабрьде Венгер-Совет қоғамының делегациясы Москваға ұшып кетті. (ҚАСТАГ).

ҚЫТАЙДА КООПЕРАЦИЯНЫҢ ӨРКЕНДЕТІЛУІ

ШАНХАЙ, 9 декабрь. (СОТА). Қытай шаруаларының арасында еңбектің коллективтік түрін өрістету қозғалысы күшеюде. Газеттердің хабарлауы бойынша, соңғы уақыттарда бұл қозғалыс Оңтүстік-Батыс Қытай шаруаларының арасында кең өріс алып отыр. Оңтүстік-Батыс Қытай елде ауылшаруанылық өнімдерін өндіруде маңызды рөл атқарады. Бұл —аудан провинцияларының бірі Сычуань күрші өндіруден елде бірінші орын алады. Үстіміздегі жылдың алғашқы алты айы ішінде Оңтүстік-Батыс Қытайдың барлық провинцияларында Сычуаньде, Юнаньде, Гучжоуда және Сиканьде 12 миллионнан астам шаруалар өзара еңбек көмектестігі топтары мен ауылшаруашылық өндіріс кооперативтеріне бірікті. Қазіргі уақытта Оңтүстік-Батыс Қытайда барлық шаруалар шаруашылығының 60 процентке жуығы еңбектің коллективтік түріне қамтылған, ал кейбір аудандарда шаруалардың 80—90 проценті қамтылып отыр.

АҚШ пен ЧАН КАЙ-ШИ АРАСЫНДАҒЫ АСТЫРТЫН КЕЛІСІМ ТУРАЛЫ ҚЫТАЙ БАСПАСӨЗІНІҢ ПІКІРЛЕРІ

ПЕКИН, 8 декабрь. (СОТА). Газеттер АҚШ-тың чанкайшілік топпен жасасқан договорының агрессиялық сыйпатын жасыруға тырысқан американ баспасөзінің әрекеттерін әшкерелейтін мақалалар басуда.

«Гуаньминьжибао» газеті бүгін былай деп жазған:

Бұл договордың «корзаны» сипаты бар-мыс дейтін жалған желеулерді пайдаланып, америкалық насихат машинасы дүниежүзіндегі жұртшылық пікірін адастыруға, АҚШ-тың Қытайға қарсы агрессиялық әрекеттерін жасыруға және халықаралық қатынастардағы шиеленістің бәсеңдетілуіне шын шәетмен ұмтылып отыр

Улттардың принциптерін ержақтан да қолдап келді және қолдап отыр, бірақ ол кейбір батыс мемлекеттерінің бұл принциптерді халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздікті нығайту міндетімен ешқандай қатысы жоқ өздерінің сыртқы саяси және стратегиялық мақсаттары үшін пайдалануына қарсы шығады.

Я. А. Малик Кореяны бейбітшілікпен біріктіру туралы және Кореяның бүкіл территориясында тиімді халықаралық бақылау арқылы еркін сайлау өткізу туралы мәселе жөніндегі Совет Одағының позициясын тағы да түсіндіріп берді. Еркін сайлау өткізу идеясын қабылдамай отырған СССР емес, ҚХР мен БХДР емес, деп атап көрсетті ол, қайта бұл идеяны іс жүзінде Кореядағы интервенцияға қатысқан мемлекеттер қабылдамай отыр, өйткені олар бұл сайлау Оңтүстік Кореяның авторитарлық саяси жүйесіне негізінде, Оңтүстік Кореяны шетелдік әскерлердің оккупациялауы жағдайында және Кореядағы соғысқа АҚШ жағында қатысқан елдердің ғана өкілдерінен құрылатын органның бақылауымен өткізілсін дегенді талап етіп отыр.

Англия делегатының жалпы дискуссияда сөз сөйлеп және Корея мен Германияны өзара салыстырып, Совет Одағының герман мәселесі жөніндегі саясатын бұрмалауға тырысқан әрекетімен байланысты, Малик бұл әрекеттің мүлде негізсіз екендігін көз жеткізіп көрсетті. Ол жақында Москвадағы Кеңесте қабылдан-

ған тоғыз доғорында жазылған «отарғағандай, —белгісіз мерзімге» дейін бола беруін соғыс доғорлары арқылы бекітуге әрекеттер жасауда. Шетелдік әскерлерді Кореядан әкету туралы ұсынысты батыс державаларының неліктен қабылдамай отырғандығының басты себебі де міне дәл осыдан.

Корея мәселесін, деп тағы да атап көрсетті Совет Одағының өкілі, тек мүдделі елдердің тең негіздерде кеңінен қатысуымен, ешқандай алғы шарттар қоймай, келіссөздер жүргізу жолымен ғана реттеуге болады.

Бұдан кейін сөз алған лисымандық «сыртқы істер министрі» көпірме сөз сөйлеп, бұл сөзінде Ли Сын Манның Кореяда соғыс қыймылдарын қайтадан бастауға шақырғанын барынша ақтады. Ол Индияға қарсы, оның сыртқы және ішкі саясатына қарсы және оның БҰҰ-дағы өкіліне қарсы бірқатар жалақорлық сөздер айтты.

Лисымандыққа жауап қайтару үшін комитеттің председатели өзіне сөз берген Индияның өкілі былай деп мәлімдеді: «осында 16 ел бізге өкеліп таныстырған бұл мырзаға» менің жауап қайтаратын ойым жоқ.

Комитет ұсынылған қарарларды талқылауға кіріскен кезде, Совет Одағының өкілі былай деп мәлімдеді: совет делегациясы корей мәселесі жөнінде онан әрі келіссөздер жүргізу үшін мүдделі елдердің кеңінен қатысуымен талдауға уақытта кеңес шақыруды ұсынған өз жобасын

арын бірінші кезекке дауысқа қоюға ұйғарды.

Бұл қарар дауысқа қойылған кезде, БҰҰ принциптері туралы айтылатын және Кореядағы уақытша бітім туралы келісім түпкілікті келісімге жеткенге дейін күшінде қалуға тиіс деп көрсетілетін, сонымен қатар Кореяны бейбіт құралдармен біріктіру бағытында көп ұзамай алға бару мүмкін болады деген үміт білдірілген пункттер бірауыздан қабылданды. «15 елдің» Женева кеңесі туралы біржақты баяндамасын мақұлдайтын пункт 46 дауыспен қабылданды, бұған 5 дауыс (СССР, УССР, БССР, Польша, Чехословакия) қарсы болды, 8 дауыс (Индия, Индонезия, Югославия, Бирма, Афғанстан, Сирия, Сауд Аравиясы және Немен) қалы қалды.

Қарар тұтасымен алғанда 50 дауыспен қабылданды. СССР, УССР, БССР, Польша және Чехословакия делегациялары қарарға қарсы дауыс берді, ал, Индияның, Бирманың, Сауд Аравиясының және Сирияның делегациялары қалыс қалды.

«15 елдің» қарары қабылданғаннан кейін Индияның өкілі екі жобада бір-біріне үйлесетін барлық пункттер көзіндік өзінде бірауыздан қабылданғандықтан, өзінің қарар жобасын қайтып аламыз деп мәлімдеді. Совет делегациясы енгізген және Кореяны біріктіру, қалпына келтіру жөніндегі БҰҰ комиссиясы дейінді тарауды көздейтін екінші қарар жобасы көпшілік дауыспен қабылданбады.

сөз бен радионың хабарларынан анық көрінуде. Бірақ солшыл партиялардың өкілдері, сонымен қатар ең ірі кәсіподақтар Иосид кабинетінің орнынан түсуімен ғана тынбай, қайта көзінгі парламентті таратып, жалпыға бірдей жаңа сайлау өткізуді әлі де талап етуде. Хатоямларға қарағанда, солшыл партиялар Жапонияның оншы екі партиясы либералдық және «демократиялық» партиялар арасында, көзінгі парламентті сақтап отырып, коалициялық консервативтік үкімет құру мақсатымен өзара келісім жасалуы мүмкін деп санауда.

«Хоккайдо Сембун» газетінің хабарына қарағанда, Жапонияның жұмысшы-шаруа партиясы мәлімдеме жариялап, онда былай делінген: «Біз парламентті таратуды жол бермеуге және тұрақты консервативтік үкімет құруға бағытталған айла-аресттерді сәтсіздікке ұшырату үшін күресеміз. Біз төменгі палатаны тарату үшін бейбітшіліктен қатар өмір сүруді жақтайтын үкімет құру үшін күресеміз». Көзінгі одақтардың бас советі басшылығының көше жарияланған мәлімдемесінде Иосиданың кабинеті халық тарапынан сенімсіздік көрсетілуді және оның саясатына қарсылық жасалуы нәтижесінде қулаты деп атап көрсетілген. Бірақ мәлімдеме бұдан кейін былай делінген: көзінгі саяси жағдай консервативтік үкімет орнату қатерін төндіріп отыр, осыған байланысты бас совет парламентті тезінен таратуды талап етеді. Солшыл және оңшыл социалистік партиялар да осындай позиция ұстауда.

Ал оның берік жағында жапон ірі капиталының топтары өзара бәсекелес консервативтік партияларды «ынтымақтасуға» көндіру әрекеттерін онан әрі жасауда. Жапонияның экономикалық ұйымдары монополистік федерациясының мәлімдеме-

Хатояманың Жапонияның премьер-министрлігіне тағайындалуы

ШАНХАЙ, 9 декабрь. (СОТА). Токио радиосының хабарлауына қарағанда, бүгін көше Жапония парламентінің төменгі палатасы Иосиданың орнына Жапонияның премьер-министрі етіп Ициро Хатояманы тағайындаған және оған үкіметті құруды тапсырған.

Хатояманың кандидатурасын өзі лидер болып табылатын және төменгі палатада 121 орын алатын (467 орыннан) демократиялық партия ұсынған болатын. Солшыл және оңшыл социалистік партиялар егер ол январда бейбіт палатаны таратып жіберсе, мартта жаңа сайлау өткізетін болса, Хатояманың кандидатурасын қуаттауға келіскен. Социалистер тө-

Брюссель порты докерлерінің ереуілі

ЛОНДОН, 9 декабрь. (СОТА). Бүгін Брюссель портының 2 мың докерлері ереуіл жариялады. Ереуіл бір топ докерлердің еңбек жағдайын жақсартуды талап

ғанда бұл топтарда «парламентті қаратпай, консерваторлардың күштерін біріктірудің бірінші кезеңі туды» деп атап көрсетілуде.

Саяси топтарда жаңа министрлер кабинетін құру және жаңа премьер-министр тағайындау туралы мәселе талқыланды. Осыған байланысты «Жапония демократиялық партиясының» өз председатели Ициро Хатояма басқаратын кабинет құруға әрекет жасап жатқаны барынша атап көрсетілуде. Бұл жөнінде Жапонияның солшыл және оңшыл социалистік партиялары мұндай кабинет «уақытша кабинет» болған күнде ғана, жалпыға бірдей жаңа парламент сайлауын әзірлеуді және өткізуді қалағалау соған тапсырылған күнде ғана, мұндай кабинет құруға қарсы болмаймыз деп көрсетуде.

ШАНХАЙ, 8 декабрь. (СОТА). Токио радиосы былай деп хабарлады: көше либералдық партияның атқару комитетінің мәжілісі болып, онда Иосид өзінің партия председателинің қызметінен түсетіні туралы ресми түрде мәлімдеме тапсырды. Онымен бірге либералдық партияның бас секретары Икеда орнынан түсетіні туралы мәлімдеме тапсырды. Бұлардың екеуінің де орнынан түскен мәлімдемесі құбыл алынды. Бүгін партия съезінің орнына өткізілген либералдық партияның парламенттік фракциясының мәжілісіне партияның жаңа председатели етіп Такетора Отатоны тағайындау туралы қарар қабылданды (Огата Иосиданың соңғы кабинетінде премьер-министрдің орынбасары қызметінде болып келді).

Қызметке тағайындалғаннан кейін Огата депутаттарға арналған мәлімдеме жасап, бұл мәлімдемесінде либералдық партия негізінен өзінің бұрынғы саясатын ұстайтын болады деп көрсетті.

менгі палатаны таратып жіберуді талап етуде. Мұнымен олар көзінгі кезеңде жаңа сайлау нәтижесінде парламентте өздерінің жағдайларын нығайтып алуды көздейді.

Хатояманы жақтап 257 дауыс, ал иосидалық либералдық партияның кандидаты Отатоны жақтап, 191 дауыс берілді.

Бүгін көше кеңесшілер палатасы 85 дауысқа қарсы 116 дауыс пен Хатояма кандидатурасының премьер-министр болуын мақұлдаған.

Хатояма бір партиядан тұратын үкімет құруды көздейді.

етіп, бір кемеде жүк түсіруді тоқтатқандарына ниеттестік ретінде жарияланды. Ереуіл салдарынан 17 кемеде жүк түсіру тоқтатылды.

ған адам ниетті адамдарды алдауға тырысуда.

Бірақ, деп жазған газет бұдан кейін, осы адам ниетімен «қорғаныс шаралары» мынаған әкеліп соқтырды: Қытайдың ежелден келе жатқан территориясы—АҚШ-тан 10 мың километрден де алыс тұратын Тайваньды Құрама Штаттар оккупациялап алып, оны соғыс, саяси және экономикалық жақтарынан өздеріне бағындырып, американы отарына айналдырды. Егер мұны «қорғаныс» деп қарайтын болсақ, онда қандай елдің болса да тәуелсіздігіне және бейбітшілікке үнемі қатер төнетін болады. Қытай халқы американы империализміне қарсы күрестің зор тәжірибесіне ие болып отыр. Мүдделі насихат істің ақиқат жағдайын бұрқамелеу үшін пайдалануға тырысып отырған өткіз неғұрлым қысымсыз болса, АҚШ-тың агрессиялық жоспарлары солғұрлым айқын көрінеді. Қытай халқы, деп атап көрсеткен газет, Тайваньды азат ету міндетін орындау үшін бұрынғыдан да гөрі күшті жігермен әзірленетін болады.

Тяньцзиннің «Дагунбао» газеті американың чанкайшилік доғорға қарсы шығып, ағылшын үкіметінің бұл мәселелері позициясын қатты айыптаған. Американы империализмінің агрессиялық әрекеттерінің ҚХР-мен дипломатиялық қатынастар жасап отырған Англия тарапынан ашықтан-ашық қосталуы, деп мәлімдеген газет, Англияға аброй әпермейді. Көзінгі ағылшындық мырзалар американы империалистерінің Тайваньды оккупациялауға тиіс еместігі жөнінде үндемей отыр, ал соның өзінде олар қытай халқы Тайваньды азат етпеуге тиіс дегенді өршелене айтуға. Мұндай әрекеттердің, деп жазған газет мұнан кейін, мақсаты айқын, оның мақсаты: Қытай халқының қолын байлап-матау, сөйтіп американы империалистерінің Қытай жерінде ойына келгендерінің бәрін істеуіне мүмкіндік беру.

Ағылшын үкіметінің, деп қорытқан газет, американы империалистеріне жағымпазланып, қытай халқының мүдделерін құрбан ететін ниеті бар. Бірақ бұдан ештеңе де шықпайды! Мұндай саясат қатты айыпталады.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

- «УДАРНИК» кинотеатрында
«ИНЕЛІК»
Сеанстар сағат 6-30, 8-30 және 10-30 да басталады.
- «ОКТАБРЬ» кинотеатрында
«ҮЛКЕН СЕМЬЯ»
Сеанстар сағат 6-30, 8-30 және 10-30 да басталады.

БҰҰ-ның қарусыздандыру жөніндегі комиссиясының көмекші комитетінде

НЬЮ-Йорк, 9 декабрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Көше БҰҰ-ның қарусыздандыру жөніндегі комиссияның көмекші комитетінің жабық мәжілісі болды. Бұл мәжіліс қарулы күштер мен барлық қару-жарақты реттеу, шектеу және тиісті мөлшерде азайту туралы, қару-жарақты азайту және жаншай қырып-жойтын қаруға тыйым салу жайындағы мәселе жөнінде халықаралық конвенция жасасу туралы БҰҰ Бас Ассамблеясының қарары бойынша комитетке жүзделген міндеттерді орындау үшін бұл комитеттің жұмысын қайтадан бастау мерзімі мен орын белгілеуге тиіс еді.

СССР өкілі А. А. Соболев мәжілісте мынадай мәлімдеме жасады: БҰҰ-ның қарусыздандыру жөніндегі комиссиясының көмекші комитетінің жұмысы басталуымен байланысты совет делегациясы мынаған назар аударуды қажет деп санайды. 1954 жылғы 4 ноябрьде Бас Ассамблея бірауыздан қабылдаған қарарға сәйкес, көмекші комитеттің алдында қарусыздандыру туралы халықаралық конвенцияның жобасына енгізуге тиісті ұсыныстар бойынша келісімге жету міндеті тұр, ал халықаралық конвенция барлық қарулы күштерді, әдеттегі қару-жарақты едәуір азайтуды, сонымен қатар ядролық қаруды және жаншай қырып-жойтын қандай да болса басқа қаруды қолдануға, жасауға толық тыйым салуды көздейді.

Қарарда былай деп ерекше атап көрсетілген: бұл программа тұтасынан алғанда бірде-бір мемлекеттің өз хауіпсіздігіне қатер төнеді деп хауіптенуіне дәлелі болмайтындай программа болуға тиіс.

Бұл маңызды міндетті шешуге кірісе отырып, қарусыздандыру туралы конвенция жасасу жайында мәселе талқылаумен бірге, Батыс Германиядағы жеке-жеке күштерге еркіндік беруге, сөйтіп Батыс Германияны қаруландыруға және герман милитаризмін қалпына келтіруге жол беруге болмайтынын атап айту қажет. 23 октябрьде Парижда қол қойылған келісімде Батыс Германияны реми-литарландыруды, герман милитаризмін қалпына келтіруді және реми-литарландырылған Батыс Германияны соғыс топтарына — солтүстік-атлантикалық блокке және жаңадап топтастырылып жатқан батыс-европалық одақ дейінге қатыстыруды көздейді. Совет Үкіметінің бұдан бұрын атап көрсеткеніндей, бұл шарттарды жүзеге асыру европалық мемлекеттер арасындағы қатынастарды сөзсіз шиеленіспеді, жанталаса қарулануды күшейтеді және Европаның халықтарына түсетін соғыс шығындарының ауыртпалығын едәуір арттырады.

Соңғы уақытта, жұртқа мәлім, халықаралық қатынастардағы шиеленісті белгілі дәрежеде бәсеңдетуге қол жетті. Совет делегациясы барлық бейбітшілік ха-

лықтар халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдетуге мүдделі болып отыр деген пікірге сүйенеді. Ал оның бер жағында Лондон мен Париж келісімдерінің бұған көмектеспейтіні былай тұрсын, қайта мұның керісінше, бұл келісімдер халықаралық жағдайды мықтап нашарлатады және бұл келісімдер жаңа соғыс қатерін едәуір күшейте түсті.

Сонымен, Батыс Германияны қаруландыру туралы осы келісімдерге сәйкес белгіленген шаралар Франция мен Англия үкіметтерін ядролық қаруға тыйым салуды және әдеттегі қару-жарақты едәуір азайтуды көздейтін 1954 жылғы 11 июндегі ұсыныстарына, сондай-ақ көмекші комитеттің алдында қарусыздандыру саласында тұрған міндеттерге тура қайшы келеді.

Менің мынаны атап көрсеткім келеді: «қару-жарақты жаншай азайтуды ұсына отырып, сонымен бірге Батыс Германияны реми-литарландыруға болмайды. Мұндай әрекеттер мұның өзі барлық жұртқа айқын болып отырғандай, бір-бірімен сыйыспайды және қайшы келеді».

Көмекші комитет өзінің жұмысын 1955 жылғы февральдің бас кезінде, бұл мерзімде көмекші комитеттің құрамына өздерінің өкілдері кіретін барлық мемлекеттер (СССР, АҚШ, Англия, Франция және Канада) қабылдаған күнде, Лондонда бастауға ұйғарды.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс егілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.